

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ  
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

**Алматы – 2024**

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын арттыру/  
Әдістемелік авторлық жұмыс/Биманова Б.Б.,  
- Алматы, 2024. – 86 б.

**Құрастырушы:**  
**Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы**  
**“№ 1 орта мектеп” КММ**  
**Бастауыш сынып мұғалімі**  
**Биманова Бибинур Булатқызы**

**Пікір беруші: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік**  
**Университетінің қауымдастырылған профессоры:**  
**А.Е. Иманчиев**

Әдістемелік авторлық жұмыс – педагогикалық құндылық пен жаңалықтардан хабардар ететін авторлық педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі. Ол оқу пәнінің білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік білім беру стандартының негізінде жасалады. авторлық бағдарламаның мазмұндық құрылымы мен тұжырымдамасы жалпы білім беру стандартына сай келуі тиіс. авторлық әдістемелік жүйені құрастыру процесі ұзақ уақытты қамтиды және нәтижесі тұлғаны дамытуға бағытталған.

**ISBN 978-601-09-3132-9**

**©Биманова Б.Б., 2024 ж**

## **КІРІСПЕ**

Еліміздің білім беру саласында жүріп жатқан түбегейлі құрылымдық қайта құрулар, білім беру саласындағы реформа - Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды бағыттардың бірі. Сапалы білім - ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады.

Елбасының көрсеткен бағыттары Қазақстан халқына Жолдауында, жаңа Мемлекеттік бағдарламада, Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам атты мақаласында, Назарбаев Университетінде оқыған дәрісінде, ерекше мән беріліп айтылған. Олар өз нәтижесін бере бастады.

Әрбір жеке тұлғаның болашағы мектепте шындалады. Ертеңгі күні елімізге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары. Халықпен халықты, адаммен адамды теңестіретін - білім деп ұлы жазушы М.Әуезов айтып кеткендей, мемлекетімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұратыны белгілі. Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім беру жүйесі озық технонологияларға, электронды құрылғыларға негізделген.

Сол себепті олар әлеуметтік-экономикалық табыстарға жетіп отыр.

Осы бағыттағы жетістіктерге иелік етіп отырған дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлемдік бәсекеде көш басында тұр.

Бүгінгі білім беру саласында әлемдік озық үлгідегі білім беретін елдермен тәжірибе алмаса отырып оқыту - басты талап. Негізгісі оқушыларды мектеп бітіргеннен кейін өмірге бейім етіп, алған білімін өмірде кез келген жағдайда, қажетті жерде оңтайлы қолдана алатын тұлға ретінде оқыту болып отыр.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді,

өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы оның әр түрлі буындарын басқарудың тиімділігімен анықталады. Жаңарған мектеп алдындағы негізгі міндет басқару жүйесін түсіну мен оны нәтижелік тұрғысынан басқарудан тұрады.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – оқу-шыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымның бір саласы.

Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделіп дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері – тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл - қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді. Ал сөйлеу – психикалық құбылыс. Ол - әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі. Сөйлеуде объективті шындықты осы адамның субъективті түрде бейнелеп, оған индивидтің көзқарасын білдіреді. Яғни адам тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі, сөйлеу – психо-логияның зерттеу объектісі болып табылады. Солай бола тұрса да, күні бүгінге дейін мектептегі тіл дамыту жұмыстарын психологиялық ғылымнан оқшау жүргізіліп келеді. Соңғы кезде ғалымдар «Психология әдістеме ғылымынсыз-ақ өркендеп, өмір сүре береді, алайда әдістеме ғылымы психологиясыз дамып, жетіле алмақ емес. Әдістеме толық мәнді ғылыми пән болуы үшін, ол психологиялық негізге сүйенуі қажет пікірді іс жүзінде дәлелдеп отыр.

### **Бастауыш сынып оқушыларының тілдік хорын дамыту**

Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. «Тілсіз ұлт құрымақ». Тіл – адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты. Қоғамның өмір сүруі

үшін, тіл қаншалықты қажет болса, тілдің дамып, өркендеуіне қоғам да соншалықты қажет.

Тіл – тірі тарих. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі мен даналығы бар. Сананың аздығы мен көптігіне қарамай, әрбір халық өз тілінде асыл армандары мен әсем жан дүниесін, барша жақсылық атаулыға құрметін, адамзат бақытына кесір келтіргендерге лағнеті бейнеленген. Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізгі арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады.

Ана тілі, бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы. Өйткені оқушыларға ғылым негіздерінен жан жақты білім мен дағды беретін, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, тіл материалын меңгертетін де осы пән.

Ана тілі пәні дұрыс жазу, сауатты сөйлеу ережелерін меңгерту үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге, логикалық ойлауды дамыту үшін де қажетті құрал. Өйткені сөз дарындылығының өрістеуі ойлау логикасымен байланысты. Өз заманында «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді Отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс», - деп көрсеткен ұлы педагог К.Д. Ушинский.

Еркіндікке қолы жеткен қазақ халқының болашаққа артқан үміті, сенімі осы қазіргі мектепте отырған, келешекте отыратын жаз жеткіншектерімізде. Тіліміз ғана емес, жалпы халық болып сақталып қалуымыздың өзі қазіргі оқушыларымызға ана тілін қалай меңгертуімізге байланысты. Енді бұл мәселеде жетпіс жылдай танытқан енжарлығымыздан таймасақ, белсенділік танытпасақ, тілсіз, тарихсыз мәңгүрт тобырға айналуымыз анық.

Міне, сондықтан саналы ересек ұрпаққа ұлы жауапкершілік жүктелмек, ол жауапкершілік – ата-бабамыздың әр сөзін сан ғасыр бойы сомдап жасаған ұлы қазына ана тілін көздің қарашығындай сақтап, кіршіксіз күйде келешек аманат етіп тапсыру. Сол арқылы жеткіншегіне туған халқының ақыл-ой тұжырымын, дәстүр-салтын игерту. «біздің қазақтың ісін жаңа басталып келе жатыр...XX ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген асыл мүлкін қолына алып, быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», деп жазған болатын осы ғасырдың басында қазақтың аса

көрнекті ағартушы – педагог А.Байтұрсынов.

Тіл – рухани байлықтың шыңы. Рухани болмыстың деңгейлік баспалдақтары; танымдық, қазыналық, мән-мағыналық. Тілін меңгерген адам – сара жолын сараптап, игерген адам.

Тілді меңгеру ананың ақ сүтінен басталып, бесік жырымен тербетіліп, өмір сатысымен нықталады. Өткен кезең мәдениетінің тұңғығына бойлап, оның ішкі мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани жағынан байытады.

Қазақ тілі – аса бай тіл. Қазақ тілінің тазалығы жайында француз ғалымы А.Жарри дн Манси « Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі мейлінше таза тілдердің бірі» (Жарри де Манси « История древних и новых литератур, наук и язycznych искусства Москва, 1832. 104-105 стр), - десе, В.В. Радлов « Зигро» журналының алтыншы томының 70 бетінде жарық көрген « Средняя зарафшинская долина» мақаласында: « Қазақтың тілі ұшқыр да шешен, ойнақы да, өткір, сұрақ-жауаптарға оңтайлы, кейде тіпті таңқаларлық түрде тапқыр және бәрі де, тіпті оқымаған сауатсыздарының өзі де тілін жетік меңгерген, мұндай жағдайды біз тек Европадағы француздар мен орыстардың бойынан ғана байқаймыз», - деп жазды.

Татар ғалымы А.Саиди 1926 Қазан қаласында басылған «Тіл, әдебиет, жазу әрі олардың өсулері» кітабының 86 бетінде «Қазіргі ең таза, ең бай, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол қазақ тілі мен қазақ әдебиеті біз мұны ашық айтуымыз керек», - дейді.

Көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов: «Ана тілі дегеніміз – ол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың өткенін де, болашағынан да қол үзеді», - деген.

Бүгінгі таңдағы мемлекеттің маңызды мәселелерінің бірі – тілдерді қолдану мен дамыту болып отыр. Ел басы Н.Ә. Назарбаев Қазақ тілін өркендетудің нақты 11 жолын атап өтті.

1. Қазақ тілді балабақша санын тиісінше көбейту;
2. Қазақ мектептерінің санын өсіру және осы заманғы технологияның соңғы жетістіктерімен жабдықтау;
3. Қазақстанның барлық мектептерінде оқушылар қазақ тілін еркін меңгеріп шығуы үшін орыс мектептерінде қазақ тілі пәні

аптасына екі - үш сағат емес, қазақ мектептеріндегі орыс тілі сияқты бес – алты сағаттық мөлшерде оқытылуы қажет;

4. Барлық орта мектеп оқушылары бірыңғай ұлттық тестілеуде қазақ тілі пәнінен міндетті түрде сынақ тапсыруы тиіс;

5. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдерге оқуға жіберілетін жастар қазақ тілін білуі тиіс;

6. Білім, денсаулық, сауда және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласы мамандарының қазақ тілін жетік меңгеруіне ұмтылу;

7. Қазақ тілін жетік білетін мемлекеттік қызметкерлерге жан – жақты қолдау көрсету, әсіресе, мемлекеттік қызметке қабылданған қазақ қазақша сөйлеуі қажет;

8. Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне жетіктерін баспасөз, теледидардан жиі насихаттап, салт – дәстүр, әдепке байланысты түрлі конкурстар ұйымдастыруы қажет;

9. «Тілдер туралы» заңды қайта қарап, замана талабына сай өзгерістер енгізу;

10. Бұқаралық ақпарат құралдарына қазақ тілінің қолданысы 50 пайыздан кемімеуі;

11. 2010 жылға дейін жасалған « тілдерді дамыту» бағдарламасына тиісті толықтырулар енгізіп, әр облыстың мемлекеттік тілге көшу кестесін сақтау.

Соңғы жылдары журнал беттерінде шыққан мақалаларда да оқушылардың тілін дамыту мәселелеріне әжептеуір көңіл бөлгенін байқаймыз. Бұл жөнінде Ә. Сыдықовтың «Оқу-жазуға үйретуде психология не айтады?» деген мақаласын айтуға болады. Автор бұл мақалада балаларға оқығанда, жазғанда, көп салмақ түсетінін (көру, есту, сөйлеу мүшелері, қолы, саусақтары, мидың 4 түбегі бірдей қызмет істейтінін) айтып, оқуға, жазуға үйрету кезеңін 5-ке бөледі:

Көру, есту, сөйлеу, ойлау мүшелерінің қызметі қолдың қимылымен байланысты. Күштің көбі қол жаттықтыруға кетеді.

1. оқушы сөздің, сөйлемнің мазмұнын тез айыруға дағдыланады. Бұл кезде мұғалімнің көмегі керек.
2. оқушы өз бетімен оқып, шығарманың мазмұнын түсінеді, өз ойын шығарып, сөз жасау басталады.
3. Оқыған нәрсені жазады.
4. Сауалнама, қолхат сияқтыны жазады.

Аманжолұлы Сәрсеннің «Мектепте ана тілді оқытудың мақсаты, оның маңызы» деген мақаласында тіл сабағының мақсаты

әңгімеленеді. «Ана тілді оқу тек оқу үшін керек. Балалар ана тілдің жобаларын, қағидаларын судай жаттап алулары шарт емес, оны іс жүзінде, тәжірибеде пайдалана алса ғана, толық білгенге саналады», - дейді автор.

Ана тілді мектептерде оқыту әдістерін зерттеп, нақты әдістемелік еңбектер берген белгілі әдіскер – Шамғали Сарыбайұлы. Ғалымның бастауыш сыныптарда «Қазақ тілін» оқыту жұмысына, орта мектеп оқушыларына грамматикалық ұғымдарды меңгерту әдістеріне арналған еңбектерінде балалардың тілін дамытуға қатысты айтылған құнды ойлар бар.

Ш.Сарыбайұлы еңбектерінде тіл дамыту, жаңа сөздің мағыналарын оқушыларға меңгерту, сөздік жұмысын жүргізу мәселелеріне қатысты пікірлер мол ұшырасады. Мысалы, зерттеуші өзінің «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» деп аталатын еңбегінде оқушыларға емле ережелерін үйрету жолдарын талдау барысында жаңа сөздерді меңгерту жолдарына да тоқталады. «Ол сөздердің жазылуын меңгерту үшін, - деп жазады автор, - төмендегідей әдістерді қолданамыз:

1. Күнделікті оқыған газет, журналдарда кездестірген сөздерді тергізіп, оны күн сайын тергізіп отырамыз.

2. Сол теріліп келген сөздерді алфавит тәртібіне келтіріп жазуды тапсырамыз.

3. Кейін алфавит тәртібіне енген сөздерді сөздік ретінде алуды тапсырамыз.

4. Сөздік ретінде алынғандардың мағыналарын сөздіктерден қарап, олардың мағынасын біліп келуді тапсырамыз.

5. Ішіне сол сөздер енген сөйлемдерді толтырып жаздырамыз.

6. Оқытып жатқан грамматикалық тақырыпқа байланыстырып, мысалды оқушылардың сөздіктерінен аламыз. Оқып отырған кітаптардағы емлесі қиын терминдік сөздердің жазылуын байқата оқытамыз, азырақ байқата отырып, кейін кітапты жапқызып, жаңағы көрген терминдерін екінші бір оқушыға диктант ретінде айтқызып, дәптерлеріне жаздырамыз».

Ғалымның бұл пікіріне тек термин сөздерді меңгертуге ғана емес, жаңа сөздердің мағыналарын оқушылардың сөздік қорына берік орнықтыруға, сөйтіп олардың тілін дамытуға да қатысы бар.

Бастауыш мектеп оқушыларының сауаттылығын арттырып, тілдерін дамыту жұмыстары әңгімеленген құнды еңбек – профессор Қ.Жұбановтың редакциясымен шыққан «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» деген кітап. Мұнда ана тілдің мақсаты дұрыс көрсетіле келіп, «тіл ширату» жұмысына мына сияқты талап қойылады: «Бастауыш мектепті бітіріп шыққан бала ... оқығанын, есіткенін қысқаша түсінікті етіп жаза алатын болсын». Онан әрі тіл ширату жұмысының түрлері (сұрақтарға жауап беру, оқығанды айту, тақырып қою, суретті пайдалана отырып сөйлеу, т.б.) қысқаша түрде аталып өтеді.

Ендігі бір көңіл аударатын еңбек – С.Жиенбаевтың «Бастауыш мектепте кітап оқыту методикасы» кітабы. 31 беттік бұл шағын еңбекте оқығанды балалардың қабылдауы оқу әдісіне байланысты екенін, әсіресе, мәнерлеп оқудың маңызын дұрыс көрсеткен. Оқығанды талдау (әңгімелесу, мазмұндама, қорытынды шығару) жұмыстарының түрлерін анықтай келіп, «Салалы сөйлеуді үйрететін жұмыс – мазмұндау жұмысы» екенін айтады. Кітапта мазмұндама мен шығарма жаздырудың орны былайша белгіленген: «... тіл дамыту жұмысы, оның ішінде жазба сөзге жаттықтыру жұмысы мектепте зор орын алады. Жазба сөзге жетілу үшін істелетін жұмыстың ең маңыздысы – мазмұндама, шығарма жаздыру». Кітапта оқулықтардағы бар суреттерді пайдалану, шығарманы талдау үлгілері, сөздік жүргізу сияқтылар да әңгімеленеді. Сондықтан бұл кітапты тіл дамыту жұмысын зерттегенде, басшылыққа алынатын құралдардың бірі деп есептейміз. Әрине, кітаптың көлемі шағын, әрі әңгімелеп отырған объектісі кітап оқыту әдістемесі болғандықтан, тіл дамыту жұмысының оқуға байланысты түрлері ғана сөз етілген, оның өзі де толық қамтылмаған.

С.Жиенбаев – алғаш рет мектепте жүргізілетін тіл дамыту жұмысының ауызша, жазуша болып бөлінетін жігін ашып, оның әрқайсысына жататын жұмыс түрлерін, юл жұмыстардағы ой жүйесі мен сөз қлоданудың мәнін көрсеткен әдіскер.

Ғ.Бегалиев «Бастауыш класта қазақ тілі методикасының мәселелері» еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларының тілін ұстартуға, оларға сөз мағыналары туралы түсінік беруге қатысты ойлар «Ана тілі» пәнін оқыту әдістемесіне байланысты да айтылады. «Ана тілі» пәнін оқу барысында кездесетін оқушыларға түсініксіз сөздерді 5 түрге бөледі:

1. Затты, сынды, я амалды білдіретін кейбір сөздерді мүлде білмейді. Мысалы: маусым, сонар, бетегелі, маужырау.

2. Оқылатын текстіде кездесетін кейбір затты, сынды, я амалды көрсететін сөздерді оқушылар біледі, бірақ, сол затты, сынды, амалды әдеби тілімізде қолданатын, жалпыға ортақ атаумен атауды білмейді, тек төңірегіндегілер білетін атымен немесе жергілікті атымен атайды. Мәселен, текстіде шалбар, дуал, алжапқыш, ықтық деген сөздер бар, бірақ оқушы сымбелдемше, аптаап деген аттарын ғана біледі, өйткені оларды төңірегіндегілер солай атайды.

3. Оқушы кездескен сөздің негізгі мағынасын біледі, бірақ сол сөзге жұрнақ жалғанғанда немесе сөз тізбегінде айтылғанда, мағынасында қандай өзгешілік болатынын айыра алмайды: құладым – құлап кете жаздадым, көл – көлшік, жылы – жылылау, ат – атақ, оқылды – оқылған, оқимын – оқып отырмын деген сөздердің арасындағы айырманы дәлдеп білмейді.

4. Кездескен сөздердің тура мағынасын (бірте-бірте мағынасын) біледі, бірақ сол сөздің бұрама мағынасын білмейді. Мысалы, құс ұшты – Сәрсен үкідей ұшты, қолымды сермедім – қолымды кеш сермедім.

5. Текстіде кездескен кейбір сөздердің кейбір мағыналарын білмеуі мүмкін. Мысалы, көз тоймаушылық, күншілдік, әуестік, құмарлық, ұрыншақ, сосаны, т.б.

Оқушылардың тілін ұстарту әдістемесінің негізін салып, оны өз алдына ғылым ретінде қалыптастыру қажеттігін анықтап берген – орыстың ұлы педагогі К.Д. Ушинский.

К.Д. Ушинский ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытумен байланысты жаттығу жұмыстарының жүйесін құрды. Ол жаттығулардың сатылары мынадай:

1. бақыланған заттарды атау;
2. іс мақалаларын мазмұндау;
3. заттарды салыстыру;
4. сипаттау;
5. болған оқиға жөнінде әңгіме құру.

Ал, Телжан Шонанұлының «Тіл дамыту» оқулықтарындағы оқушы тілін дамытуға арналған жаттығулар түрлерін мына жүйеде берді

- Мәтін құрамымен таныстыру. Мәтінмен жұмыс жүргізу, жоспар түзіп, сол бойынша мәтін құрғызу.

- Грамматикалық ережелерді игеруге бағытталған жаттығулар.
  - Мәнерлеп оқуға арналған жаттығулар.
  - Суреттерге қарап ауызша, жазбаша әңгіме құрғызу.
  - Жазылған әңгімелер бойынша мәтін құрғызу.
  - Іс-қағаздармен таныстыру.
7. Кітап, оқулықтарды дұрыс пайдалануға дағдыландыру.
8. Газет-журналдармен жұмыс жүргізуге үйрету.

Өкінішке орай Телжан Шонанұлының әдістемелік мұралары, құнды пікірлері күні бүгінге дейін жарияланып, мұғалімдер мен әдіскерлердің игілігіне айналмай келеді.

Бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады:

1. Сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе).
2. Оқу, тіл дамыту (Ана тілі).
3. Грамматика, емле тіл дамыту (Қазақ тілі).

Оқушылардың тілін дамыту, сөз дағдыларын қалыптастыру осы кезеңдердің әрқайсысында белгілі бір тақырыптың оқытылуына сүйене отырып, соның барысында жүргізіледі. Мұнда біз мына сияқты негізгі мәселелерді үйретуді, яғни белгілі тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамыту; сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне; сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйретуді мақсат еттік. Егер осы үшеуі (сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып, сөйлеуге үйрету) күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланыста біртұтас жүргізіліп отырылса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни тіл дамыту осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де, байланыстырып сөйлеу үшін де негіз болады; ал әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлемсіз іске асуы мүмкін емес. Сондықтан бұлайша топтаудың өзі – шартты түрде ғана, яғни тіл дамытудың мазмұнының негізін қамтитығын көрсету.

Біз психология, педагогика ғылымдарының соңғы табыстарын басшылыққа ала отырып, үлгілі мұғалімдердің озық тәжірибелеріне сүйеніп, жоғарыда атап өткен үш кезеңдерге орай, тіл дамыту мына сияқты бағыттарды қамтуы қажет:

1. Оқушылардың сөздік қорын дамыту.

а) жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын үйрету;

ә) көркем мәтіндегі бейнелі құралдарды үйрету;

б) синонимдермен, омонимдермен жұмыс;

в) антонимдермен жұмыс;

г) көп мағыналы сөздермен жұмыс;

д) қанатты, нақыл сөздермен жұмыс;

е) мақал-мәтел, жаңылтпаштарды үйрету;

ж) Оқушылардың үйренген сөздерін қолдану белсенділігін арттыру мәселелері қамтылады.

2. Сөз тіркесі, сөйлемдермен жұмыс жүргізу.

3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Мұнда балалар оқығандары мен көргендерінің, естігендерінің мазмұнын жүйелі түрде ауызша айтып, жазбаша баяндауға үйренеді, сондай-ақ ұсынылғантақырыптарбойынша материалдар жинап, жүйелеп, өз жандарынан ауызша, жазбаша әңгіме құрастыруға үйренеді.

Бастауыш оқу жоспарына бүкіл ғылым атаулының барлығы енгізіле бермейді, ғылымдардың ең негізгілері, оның өзінде бастауыш сынып балаларына оқыту үшін сұрыпталып алынған, өмірді, қоғамның даму заңдылықтарынан білім беретін ғылымдардың негізі ғана ену мақсат етіледі. Пәндердің ішінде тілдің алатын орны ерекше зор. Өйткені тіл – адам баласының ең басты қатынас құралы. Тілді оқыту, оның ішінде ана тілін оқытудың міндеттері әрбір халықтың мәдениетінің, әдет – ғұрпының қалыптасуы мен дамуын таныту мақсаттарынан тұрады.

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлднену мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін жетілдіру тіл үйренуде ең басты міндет. Сөйлеу тілінің бірнеше стилі блалады.Қазақ тілінде сөйлеу тілінің мынадай стилі бар. Ең алдымен сөйлеу стилі. Бұл – стиль жағынан өте нақышталмаған, қарпайым сөздердің күнделікті айтылуы. Сөйлеу тілімен салыстырғанда

анағұрлым жоғары саналатын ақындық, шешендік, академиялық, ғылыми стиль бар. Әртүрлі жаргондар, сөздердің әдеби тілдегі айтылу нормасынан ауытқулары осы ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір – бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйрененді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Әр сыныптың бағдарламасына қарай оқушылар ждәна сөздер меңгереді. Мұғалім оқушыларға жеке сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатынастыра отырып қазақша сөйлем құрастыруға үйретеді. Яғни оқушы неге осылай айтамыз? Қалай айтуға болады? Дұрысы қайсы деген сұрақтарға жауап іздейді.

Оқушылар өздерін қоршаған ортамен таныса отырып сөздік жұмысын іске асырады. Өздеріне аты белгісіз зат не құбылыспен танысқанда, оның өзімен немесе атауымен чөздік арқылы танысады. Сөз – тілдің құрылыс материалы. Ал грамматика болса сөздердің өзгеру мен сөйлем ішіндегі байланыстың заңдылығын үйретеді, қалыптастырады. Бұл заңдылықтарды білу үшін түрлі сөйлемдер, сөз тіскестері меңгеріледі.

Оқушы ең алдымен тілдің дыбыстық құрылысын меңгеруі шарт. Ол үшін дыбыстарды дұрыс айтуға (орфоэпиясын) жаттығады. Ол мұғалімнің айтқанына еліктей отырып, қазақ тілінің фонетикасын, сөзге түсетін екпінді, интонацияны, сөздерді дұрыс оқуды меңгереді, жаттығады. Мұғалім оқушыларды бірімен сөйлеу мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне (дауыс ырғағы, өзін ұстау, сөйлеушіні тыңдай білуге) үйретуі қажет.

Оқушылардың өздеріне айтылған сөзді тыңдай білуге, оны түсініп, сөйлесе білуі (бір – бірімен) , сұрақтарға жауап беруі, сұрақ қоя білуі мұның бәрі олардың сөздік қорының тілдің грамматикалық құрылысын дұрыс меңгеруіне байланысты. Осының нәтижесінде оқушылар бір – бірімен кезектесіп сөйлесуге жаттығатын болады.

Оқушылар қазақ тілін де, ана тілін де байланыстырып, сөйлеу білуі үшін оқығанын, түсінгенін, өз пікірін айту бала – бақшадан үйретіліп, жаттықтырылуы керек. Оқушының түсінігін тыңдау арқылы оның сөздік қорын, сөйлем құрастыру дағдысын, мазмұнын қалай түсінгенін анықтауға болады. Әдетте балалар басқалардың айтқан әңгімесін тыңдай отырып, соларға еліктеп өз түсініктерін

(сөз, сөз тіркесі, сөйлем) айтуға жаттығады.

Тілді оның дамуы мен жеке адамның қалыптасуындағы ролін зерттеу – адамның бүкіл таным қызметінің қалыптасуын қарастыруда ерекше маңызға ие болып отырған ғылымның басты мәселесіне айналды. Ал баланың танымдық қызметі баланың өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасауы, яғни ұрпақтан – ұрпаққа бұрынғылардың тәлімі мен тәрбиесі, іс – тәжірибесінің берілуі процесінде қалыптасады. Балғын шақтан есейіп, ересектер қатарына өту барысында баланың психикалық дамуының негізгі бір формасы - өзара сөйлесу, пікірлесу арқылы өзгелердің іс – тәжірибесін бойына сіңіру болып табылады. Балалар тілінің ролін, олардың сөйлесу қызметін зерттеу ғылымның басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Ғылыми тұрғыда негіздей отырып, бала тілін, сөздік қорын зерттеуге алғаш ден қойған психологтар болды. 1940 жылдары О. Моурер фонологиялық даму теориясының негізін қалаушылардың бірі болды.

Р. Якобсонның болжамы бойынша балада алғашқы фонологиялық дағдылардың қалыптасуы алғашқы он – онекі айлық кезеңде басталады. Яғни, сөйлеу қабілетінің дамуына немесе оның жан – жақты дамуының бір бөлшегі ретінде қарастырса, енді біреулері (Д.Ольмстел 1971; Д. Стэмп 1969;) бала тілінің дамуын оның өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасауына байланысты қалыптасатынындығын дәлелдеуге тырысады. Б. Московичтің пікірінше, бала бірте – бірте айқындала түсетін дыбыстық бірліктерді айтуды үйрене бастайды, буындардан ол өз бетінше дыбыстық құрылымдар түзуге (сөздер құрастыруға) бейімделеді.

Әдетте бала өзіндік сөйлеу әрекеті тән. Кейбір идеалистік бағыттағы психологтардың ( Д. Эллсберг, Э. Клапаред, К. Бюлер) пікірі бойынша, баланың сөйлеу әрекеті бірден пайда болады. өз тіліндегі сөздік қорға қанағаттанбаған екі жасар бүлдіршін өзінше тілдесуге қажет сөздер ойлаптабады. Ол сөздер тек өзінің айналасындағы азғана ортаға түсінікті болады.

Баланың сөздік қоры 1 жыл 8 айдан асқан соң жедел дамиды. Егер 1,5 жастағы баланың сөздік қоры 18-25 – тен аспаса, 3 жастан кейін ол 1000-1200 сөзге жетеді. Мұның ішінде сөздік қордың басым бөлігін зат есімдер (60%), етістіктер (25-27%), сын есімдер (10-12%) құрайды.

Әрбір жас кезеңдегі сөздік қордың қалыптасуындағы балалардың

өзіндік ерекшеліктері мен сөздерді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне де баса назар аударады.

Тілдің гамматикасын меңгеру баланың жалпы дамуымен де (ақыл – ой қызметінің кеңеюі, өз бетінше ізденістері) сабақтас дамиды. Сондықтан да түрліше әрекет жасау барысында баланың мазмұнды өмір сүріп, ой - өрісін дамытуы, үлкендермен тілдік қарым – қатынас жасауы оның тілінің дамуына ықпал етеді. Олардың сөздік қоры молайып, алғашқы грамматикалық формаларды меңгеруі жетіле түседі.

Баланың сөйлеу білуге деген алғашқы талпынысы – оның дамуының бастапқы кезіндегі басты нәрсе. Ол үлкендердің сөйлеген сөздерінен бірнеше мәрте қайталанатын белгілерді ептеп түсіне бастайды. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, екі жастан бастап бала тілі күрт дамиды. Мектеп жасына келген бала, яғни 6-7 жасар бала 3,5-4 мыңға жуық сөз біледі екен. Демек, ол тілдің бүкіл фонологиялық жүйесін түсінеді. Олай болса, өз бетінше сөйлемдер құрастыра, өз ойын өзгеге түсіндіре, жеткізе алады.

Зерттеулер көрсеткендей түске, үлкендікке, заттың жай күйіне байланысты ерекшеліктерді жас баланың естіп қабылдауынан гөрі, сол заттарды көріп, қолмен ұстап барып, ажырата қабылдауы 10-12 есе тезірек іске асады да, бала жадында ұзақ сақталады.

«Сөзге» қарағанда, балаға сол зат, белгі, құбылысты көрсету, оларды ажырата отырып көрсету арнайы үйретусіз-ақ тез қабылданады. Сөз жалпылама ұғым болғандықтан, бала тез арада өзі қабылдаған сөздерді белгілі бір топтарға бөле отырып меңгере бастайды. Баланың өз бетінше меңгеруі алғашқыда әрине, қателесусіз жүрмейді. Табиғаттағы зат пен құбылыс арасындағы байланысты білдіретін сөздер (кеңістік, сан т.б.) сезімдік қабылдауға негізделеді де, балаға көрінбейтін болғандықтан, ол нәрселер мен байланыстарды үлкендер түсіндіреді. Бұларды түсінуге талпыну және тілде қолдану баланың ойлау қабілетін дамытады. Сол секілді үлкендердің сезімдік, эмоциялық күйін білдіретін сөздерде балаға түсінікті бола бастайды да, бала да эстетика, адамгершілік туралы алғашқы түсінік қалыптасады.

Балада алғашқы кезде өз шамасын байқап көру қасиеті үлкендермен, заттармен байланысқа түсу, яғни сөз арқылы жүзеге асады. Алғашқыда ол зат пен құбылыстың аттары арқылы, ал кейінірек жіктеу есімдіктері арқылы, содан соң өзін басқа

балалармен салыстыру арқылы жақсы және жаман қасиеттерді ажырата бастайды. Сөздік қорын дамыту арқылы бала ертегі, өлең тыңдауға, ән салуға, мәнерлі де, мәнді сөйлесуге бейімделе бастайды.

Демек, баланың алғашқы сатысында оның физиологиялық және физикалық дамуы мен ойлау белсенділігі үлкендердің жүйелі тәрбиелік жұмыстарына байланысты болады. Өмірдегі құбылыстарды көру, есту арқылы бұл жаста бала психикасында үлкен өзгерістер байқалады. Ол өзін қоршаған құбылыстарды, үлкендердің сөздері мен іс-әрекеттерін ойын арқылы ойнап, сол ойындарда қолдана бастайды.

Дұрыс ұйымдастырылған ойындарда балаларда жақсы дағдылар қалыптаса бастайды, яғни ойын – ойды дұрыс дамытады. Тек баланың ақыл-ой қызметін активтендіру және ұйымдастыру нәтижесінде ғана білімді меңгертуге болады. Н.А.Менчинскаяның пікірінше, «таным, танымның қалыптасуы өзара байланысты екі процестен тұрады: білімді игеру және оны қолдану».

Баланың екінші сигналдық жүйесі ретіндегі сөйлеуі бірінші сигналдарға қарағанда жетекші орында болады, екінші сигналдар оған қызмет етеді. Ал сөздік қоры мен ойлау жүйесі нашар дамыған балалардың сөздік қоры, сөз байланыстары тек белгілі бір ғана бағытта болады да, әр түрлі жағдайдың өзгеруіне қарамай, олардың жауаптары бір жақты болады. Психикалық процестердің дамуындағы сөйлеудің рөлі жайындағы бұл саладағы зерттеулердің объектісіне жататын көптеген өзекті мәселелерінің туындауына әкеледі.

Балалардың тілінің дамуы мен қалыптасуын зерттеу балалар технологиясы мен психолингвистиканың проблемаларын шешуде ғана емес, сонымен қатар тілдің табиғаты жөніндегі аса маңызды, әсіресе, балалар тілі онтогенезін, оның осы арқылы тілдің лексикалық, грамматикалық категорияларын, оның фонологиялық жүйесін және мәтін тудыру механизмдерін танып-білуді аса маңызды роль атқарады.

XXI ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында балалардың сөйлеу тілін зерттеу психологтар мен тілші ғалымдар назарын өзіне аударды, балалар ойлауының, ой-өрісінің деңгейін білдіретін алғашқы жиілік сөздіктер пайда болды.

Оқушылардың сөйлеу әрекеті, оның құрылымдық-

типологиялық ерекшеліктері жоғары лингвистикалық шамалар лексикалық, морфологиялық, семантика – синтаксистік ерекшеліктер нәтижесінде қалыптасады.

Элькониннің пікірінше, бала қызметінің барлық жағы мазмұны, формасы бойынша қоғамға байланысты, сондықтан бала өз өмірінің алғашқы ағашқы күндерінен бастап, қоғамдық дене болып табылады. Оның адамзатқа тән мәдениетке жетуі белсенді әрекетіне байланысты болады. Баланың сөздік қоры сыртқы жағдайлармен, динамикалық әрекетпен сипатталады. Баланың жеке іс - әрекеттерінің күшеюіне және өзге балалармен көбірек араласуы оның өз жолдастарынан көргендері мен алған әсерін айту үшін монолог түрінде түсіндіру, айту қажеттілігін тудырады. Бұған қоса әрекеттердің өзара байланысуы, бір нәрсеге баға беру, бұйыру т.б. формасында да сөйлеуі үнемі даму үстінде болады. Мұның барлығы балалардың сөздік құрам мен тілдің грамматикалық құрылысын интенсивті меңгеруіне әкеледі де, олардың сөзі бір-бірімен байланысты, жүйелі бола түседі. Ауызша тілді меңгерудің жүйесіз түрінен мектепте морфология мен лексиканы үйретудің жүйелі тәсілдеріне көшу үшін мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің сөздігіне мүмкіндігінше тілімізде жиі және сирек қолданылатын жаңа мәнге ие сөздерді сұрыптап ала білудің айрықша маңызы бар. Тілдің синтаксисі мен семантикасына квантитативтік әдістер қолдануда көптеген қиындықтар бар: біріншіден, өте үлкен мөлшердегі сөз, сөз тіркестерінің жиыны қажет, екіншіден, мәтіндердегі сөз тіркестерін қарастыруда жекелеген қиындықтар туындамай қоймайды.

Балалар тілін квантитативтік әдіспен зерттеу – олардың лексика – грамматикалық ерекшеліктерін ашуда, сонымен қатар бастауыш білім беру кезінде оларға берілуге тиісті материалдың сандық және сапалық ерекшеліктерін анықтай отырып, алынған зерттеу нәтижелерін көркем әдебиет пен публицистикалық жанрдағы үлгілермен салыстыру арқылы тілді меңгерудің кейбір тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануда аса маңызды.

Құрастырылған стандарт негізінде бастауыш білімнің бағдарламалары жарық көрді. Сауат ашу әліппе мен оқу кітабынан тұрады. Бастауыш сынып пәні бойынша оқушылардың оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын байыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету, сөйлеу

мәдениетін қалыптастыру; алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту, танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту; ана тіліне деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, адамгершілікке, ізгілікке, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсаттарын көздейді.

Бастауыш сыныпта оқушылар сөйлеу, сөйлем, сөз дыбыс және олардың шартты белгілерімен танысады. Дауысты, дауыссыз дыбысқа байланысты грамматикалық материалдар талдау әдісімен беріледі. Тіл дамытудың төрт міндеті жүзеге асырылады.

- сөздік қорын дамыту;
- байланыстырып сөйлеуге үйрету;
- грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету;
- сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

### **Оқыту процесіндегі дұрыс сөйлеуді қалыптастырудың педагогикалық мәселелері**

Оқыту процесі – екі жақты процесс. Мұғалім сабақ барысында жоғарыда аталған бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі. Бұл тұрғыда көптеген мәселелер туындайды. Себебі үйреткен, түсіндірілген нәрсені түгел оқушының бойынан көре алмауыңыз мүмкін. Дегенмен сіз оқушылардың сөздік қорын дамытып, сөз мәдениетін қалыптастырдыңыз. Бұл тек бір сабақта ғана өтілмеуі тиіс. Үздіксіз жүріп отырғанда ғана нәтиже бермек.

Қазіргі таңда қоғам талап еткендей оқушыны дарлап шығару үлкен еңбекті қажет етеді. Жоғарыда оқушылардың сөздік қорын анықтауда іс-тәжірибе жүргізілгені айтылды. Нәтижесінде,

1. 1000-1200-ға дейін сөз білетін, осы сөздерді қолданғанда 30-40 қате жіберген оқушы – 4.
2. 700-900 дейін сөз білетін және сөйлеу барысында, қолданғанда 65-75 қате жіберген оқушы – 8.
3. 400-600 сөздің мағынасын білетін, бірақ сөйлеу кезінде 60-70 қате жіберген оқушы – 6.
4. 200-300 сөз айтқан, бірақ сол білетін сөздерінің 50-60-ын қате қолданатын – 6.
5. Сөздік қоры өте аз, сөздерден сөйлем құрастыра алмаған оқушылар – 2.

## **Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын, сөз мәдениетін қалыптастыру жолдары**

«Мектеп курсында ана тіліне байланысты оқытылатын тілдік единицалар: дыбыс, сөз құрамы, сөз, қосымша, сөз тіркестері және сөйлем болып табылады. Сондықтан тіл дамыту осы тілдік единицаларға байланысты үйрету қажет», – дейді әдіскер-ғалым А.Жаппаров.

Жоғарыда атап өткендей бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады:

1. Сауат ашу, тіл дамыту (Әліппе).
2. Оқу, тіл дамыту (Ана тілі).
3. Грамматика, емле тіл дамыту (Қазақ тілі).

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын, сөз мәдениетін қалыптастырып, дамытуда төменде көрсетілген бағыттарға сүйеніп, жүзеге асырылады. Бұл бағыттарға жоғарыда тоқталған болатынбыз.

а) Жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын меңгерту.

Мектепке келген бала тілі бір жақты, тек отбасы, ошақ қасында пайданылатын сөздер ғана болуы мүмкін. Атап айтқанда, оның сөздік қорында ауыспалы мағыналы, жалпылық мәнді және түрлі білім саласында қолданылатын термин сөздер аз кездеседі, кейбіреуінде тіпті кездеспейді де.

Баланың сөздік қоры ең алдымен, сол класта жүргізілетін пән оқулықтары, пайдаланылатын көрнекі құралдар және кластан тыс оқуға арналған көркем әдебиеттермен анықталады.

Балалар жаңа сөздермен тек класта өткізілетін сабақтарда ғана танысып қоймайды, сонымен бірге өз беттерінше кітап оқу, түрлі кластан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу, кино, театр, саяхатқа бару, радио тыңдау және теледидар бағдарламасын көру нәтижесінде де жаңа сөздер үйреніп, тіл сындырады. Оқушылардың ақпарат, білім көздерінен өз беттерінше игерген сөздерді дұрыс не бұрыс пайдалануы да мұғалімнің міндеті. Бала сөзінде пайда болған жаңа сөз, сөз тіркестердің мән-мағынасын ашып, іс-тәжірибеде пайдаланудың жолын да мұғалім көрсетеді.

Сөз – тілдің негізі. Нақты заттар мен құбылыстар, дерексіз

ұғымдар, адамның сезімі мен ниеті – сөз арқылы білдіреді.

Сөздік – қоғамның, ұлттың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухани байлығы да жоғары болатындығы мәлім, өйткені ғылымы мен мәдениетінің дамуына қарай сөздікте дамиды. Ендеше оқушыларды мектептен бастап сөздікті пайдалана білуге үйретудің зор маңызы бар.

Сөздік жұмысы суретпен жүргізілетін жұмыспен мазмұндас. Сөздік жұмыстары барысында оқушылардың дербес ойлауына, кеңірек сөйлеуіне, өз бетінше сөздер таба білуіне көбірек көңіл бөлінеді. Дәлірек айтқанда, сөздік жұмыстарын орындау барысында оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдылары қалыптаса бастайды.

Мектептегі сөздік жұмыстарының басты бағыттары;

1. әр сыныптағы оқу бағдарламасы бойынша жүргізілетін барлық пән сабақтары арқылы оқушының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы түсінігі артып, кеңеюінің нәтижесінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін игерту;
2. жаңа сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру;
3. грамматиканың салаларын оқытуға байланысты, заттар мен құбылыстарды классификациялауға, топтарға арналған жаттығулар жүргізу;
4. лексикалық жаттығулар сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын, синонимді, омонимді, антонимді игертуге арналған жаттығулар;
5. көркем әдеби шығармаларды талдау және мазмұндама, шығарма жаздыру.

Мектеп балаларының сөздіктерін анықтау мақсатында тәжірибе жүргіздік.

Сыныпта 23 оқушы болды. Оларға мынадай тапсырмалар берілді:

8. үш өлеңді жатқа айтып беру;
9. екі-үш ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп айту (қазір теледидардан 3-4 жастағы балалар да ертегі айтып жүр);
3. берілген сөздерге сөйлем құрау.

Нәтижесінде, бірінші тапсырманы орындаған оқушылар саны - 6. Олардың оқыған сөздердің жалпы саны 75-80 болды. Ал кейін

қайталап айтқызып саралағанмызда, бұл сөздердің төрттен біріне жуығының мағынасын оқушы түсінбейтін болып шықты. Мысалы;

Шекарада – күзете,

Қас қақпайды ағалар.

Балбыраймыз төсекте

Біз – **алаңсыз** балалар, –

деген бір шумақ өлеңде үш сөздің мағынасын ажырата алмады. (қарамен жазылған).

Ал екінші берілген тапсырма бойынша балалардың өздері білетін ертегілерін әңгімелету кезіндегі қолданған сөздердің саны өте аз 45 – 55 сөздің шамасында. Оның есесіне сөз мағыналарын түгелдей дұрыс түсінетіндерін көрсетті.

Осы тапсырма бойынша бір-екі өлең, бір-екі ертегі білетін, бірақ білгендерін толық айтып бере алмайтын оқушылар саны – 12. Бұл балалардың тіліндегі негізгі кемшіліктер – сөздік қорларындағы жиі қолданылатын сөздердің мүлде аздығы, ауызекі сөйлеу мен үй ішіндегі жергілікті сөздердің кездесетіндігі.

Енді өлең-ертегілер білмейтін және айтуға тырыспайтын оқушылар санын сараптасақ, бұл оқушылар саны – 7. Бұл оқушылардың ауызша сөйлеу дағдылары қалыптаспаған, бойларында белсенділік жетіспейді. Олардың сөздік қорының мөлшерін жеке әңгімелесу кезінде анықтадық.

Балаларға сөз беріп сөйлем құрату (қарағай, өмір, шағала, дос, керемет, кітап). Балалардың берген жауаптары төмендегідей;

1. Берілген алты сөзге де сөйлем құраған, яғни 10-15 сөз қолдана отырып, әр сөзге 3-4 сөйлем құрастырған оқушы саны – 4.
2. 8-10 сөз қолданып, 4-5 сөзге сөйлем құрастырған оқушының саны - 11.
3. 5-7 сөз қолданып, 3-4 сөзге сөйлем құраған оқушы саны – 8.
4. 3-6 сөз қолданып, 2-3 сөзге сөйлем құрастырған оқушы саны – 5.

Мұндағы басты себеп оқулықтардағы берілген материалдардың бірқатарын бала ұғынбай, құр оқиды, жаттайды, өйткені ондағы көптеген сөздердің мағынасын балалардың тожлық түсінбеуінде. Бұл әрине мұғалімдер мен әдіскерлердің ойландыруға тиіс.

оқушылар біршама жеткілікті сөздік қор жинау үшін, күніне барлық сабақта 20-30 жаңа сөз үйренуі тиіс.

Сөздік қорды байытудың негізгі көзі, әрине көркем шығарма. Оқулықтардағы мәтіндер балаларға, бір жағынан, бірнеше жаңа сөздер үйрету; екінші жағынан, сөз тіркестерін үйрету; үшінші жағынан, сол сөздер мен тіркестердің мағыналарын тереңірек ұғындыра түсу т.с.с. мақсаттарды көздей отырып, таңдалған. Осыған орай, авторлар, мүмкіндігінше, ұлы А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Торайғыров т.б. сынды сөз шеберлерінің шығармалары мен халықтың сөз қазынасы – ауыз әдебиеті үлгілерінен қысқартып, икемдеп болса да, үзінділерберуге тырысқан. Соның арқасында оқушылар ана тілін жоғары дәрежедегі әдеби үлгілердің өзін оқу арқылы үйренеді.

Сөздік жұмысы сабақ барысында жүргізіледі. Мәтінді, ондағы жаңа сөздерді дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмысын жүргізбейінше, мақсатқа жету мүмкін емес. Мысалы шаңырақ, ақ алтын, көкжиек сөздерін дұрыс түсінбесе, дұрыс қабылдай алмайды, оларда елес тумады.

Түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру үш кезеңде жүргізіледі:

1. Мәтінді оқуға дайындық кезеңі;
2. Мәтінді оқу барысында;
3. Оқып шыққаннан кейін.

Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде шығарманың мазмұнын ұғынуға қиындық келтіретін сөздер түсіндіріледі. Мұнда тағы бір есте болатын жағдай – шығарманы оқымас бұрын онда кездесетін, мағынасы ауырлық келтіреді-ау деген сөздердің барлығын тізіп алып, шетінен түсіндіру керек деген ой тумасқа тиіс. Кейбір сөздердің мағынасы контекстке қарай өзінен-өзі түсінікті болатынын ескеру қажет және оқылмас бұрын көп сөздер мен ұғымдарды түсіндіре бергенімен, ұмытылып қалады да, оған қайта оралу керек болады.

Шығарманы оқу барысында екі-үш сөзбен қысқаша ғана түсіндірілетін сөздер немесе синоним арқылы түсіндірілетін сөздер іріктеліп алынады (мысалы, лашық – кішкентай үй немесе отаршылар – қанаушылар, т.с.с.). Алайда оқу барысында сөз мағынасын түсіндіруді өте

байқампаздықпен жүргізу талабы қойылады. Өйткені оқып келе жатқан материалдарды үзіп тастап, сөзді түсіндіруге кірісу – оқушының зейінін алаңдатып, мәтінге деген ынтасы мен қызығуын тежейді де, балалардың бір қатары онан әрі оқылатын материалды тындамайды. Мысалы, жоғарыда келтірілген сөздердің өзін алсақ, «отаршылар – қанаушылар» дегенде, балалардың бұрыннан дайындығы болмаса, қанаушының өзіне түсінбей қалуы мүмкін. Ендеше оны «біреудің еңбегін пайдаланушы» сияқты көбірек сөзбен дайындық кезеңінде түсіндіруге тура келеді.

Ал өлең оқу барысында қиын сөздер мүлде түсіндірілмейді (онда сөздік жұмысы өлеңді оқымас бұрын немесе оқып болған соң жүргізіледі). Өйткені өлеңнің ырғағы, дауыс мәнері бұзылып, тындаушыға әсері азаяды.

Шығарманың мазмұнын оқушылар тереңірек ұғыну үшін немесе олардың сөздік қорын молайта түсу мақсатындағы сөздік жұмысы мәтін оқылғаннан кейін, яғни шығарманың мазмұнын талдау барысында түсіндіріледі.

Сөздер мен бейнелі ұғымдарды түсіндіруде, мысалы, батырақ сөзін қалай түсінетінін білу үшін, «Батырақ» деген не? деп сұрап, өте шығуға болмайды. Мұғалім мәтінде кездесетін мұндай сөздерді өзі әңгіме айтқанда, әңгімесінің ішінде, ал балалардың әңгімесін тындағанда, оларға қоятын сұрақтарының ішіне кірістіріп отыруға тиіс.

Сөздік жұмысын жүргізгенде, мұғалімнің есінде болатын жағдай – сөздік жұмысын балалардың өз өмірімен, нақты елестерімен байланыстыру. Ол үшін оқу барысында жаңа сөз кездескенде, оқушыларда осы сөзбен байланысты қандай елестер барын ашуға тырысу керек. Егер ондай елестер жоқ және жеткіліксіз болса, мұғалім затты немесе оның суретін көрсетеді, оған анық сипаттама береді. Психологтардың айтуы бойынша, сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнелі түрлі жолдармен үнемі ұштастырып отыру. Өйткені сөз бейнесі бала санасында нақты елестің жеткілікті қорынсыз пайда болмайды.

Оқушыларға жаңа сөздердің мағыналарын меңгертудің тәжірибеде сыналған мынадай тәсілдері бар:

1. Бастауыш сынып оқушыларына жаңа сөздің мағынасын

түсіндірудің ең қарапайым тәсілдердің бірі – сол сөз бейнелейтін заттың не құбылыстың өзін көрсету.

2. Зат не құбылыстың суретін, макетін, қатырылған сұлбасын көрсету тәсілі.
3. Берілген сөз мағынасын синонимдер арқылы анықтау тәсілі. Жаңа сөздердің мағыналарын оқушыларға айқын танытудың тиімді тәсілдерінің бірі - мағынасы түсініксіз сөзді оның синонимдерімен ашу және салыстыру. Мұғалімнің көмегімен оқушылар бейтаныс сөздің мағынасын өздеріне бұрыннан таныс сөздер арқылы анықтайды. Мысалы: (2-сынып ана тілі). Әкесіне тартқан қагілез, ақсұр бала (Б.Соқпақбаев). Бұл сөйлемдегі қагілез сөзінің мағынасын нәзік, жұқа, тілалғыш, пысық деген синонимдер арқылы танытуға болады.

Оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында қолданылатын бұл әдістің есте ұстайтын тағы бір ерекшелігі бар. Синонимдік қатарда кез келген сөздің өзіне тән реңкі болатыны белгілі. Демек олардың мағыналары қанша жақын болғанымен, бір-бірін дәл қайталай алмайды. Сондықтан кездескен жаңа сөздің мағынасын оның синонимдері арқылы түсіндіргенде, мұғалімнің қосымша анықтама бере кетуіне де тура келеді. Мұндай анықтама беру кезінде мұғалім мағынасы түсіндіріліп отырған сөздің мағыналық бояуына, көркемдік қолданысына оқушылардың назарын аударып өткен жөн.

Бастауыш сыныптарда пайдаланылатын пән оқулықтарында тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Сабақ барысында мұндай фразеологизмдерді де синоним сөздер арқылы түсіндіріліп, контекстік мағынасын игерту мақсатында сөйлемдер құралады. Мысалы, көзді ашып жұмғанша – тез, лезде; көзі ілінді – ұйықтады; өлейін деп тұрмын – қатты шаршау; су жүрек – қорқақ; жүрек жұтқан – батыр, ер т.б. Тұрақты сөз тіркестерін парафразамен де түсіндіруге, мағынасын ашуға болады. Мысалы, Астана - әсем қала, Қазақстан Республикасының астанасы - әсем қала. Тоқтар Әубәкіровпен мектеп оқушылары кездесу өткізді. Қазақтың тұңғыш ғарышкерімен мектеп оқушылары кездесу өткізді.

4. Сөздің морфологиялық құрамын талдау тәсілі. Кейбір жаңа сөздердің мағынасын морфологиялық құрамын талдау арқылы түсіндіруге де болады. Бұл тәсілдің артықшылығы

морфологиялық талдау арқылы оқушы жаңа сөз жасау жолдарына қаныға түседі.

5. Оқушылардың жаңа сөз мағынасын меңгертудің тағы бір тәсілі – логикалық анықтама беру. Бізді қоршаған заттар мен құбылыстар негізгі және негізгі емес белгілерден тұрады. Қай нәрсеге болмасын анықтама беру деген сөз оның барлық қасиеттерін санап көрсету не қамту деген сөз емес. Сондықтан заттарға не құбылыстарға анықтама бергенде олардың басты белгілерін қамтудың өзі де жеткілікті болады.

Мысалы, адам екі аяқты, екі қолды, тік жүретін деп анықтама берсек дұрыс болмас еді. Ал адамның негізгі белгісі оның саналылығы мен бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайтындығында. Бұларсыз адамға толыққанды анықтама беру жеткіліксіз. Мұғалім белгілі бір сөзге (ұғымға) логикалық анықтама бергенде осы мәселені естен шығармағаны дұрыс. Мысалы, сахна, саябақ, еңбекақы, шаңырақ т.б. Мұғалім бұл сөздерге логикалық анықтаманы былайша беруіне болады. Сахна - әртістер мен әншілердің өнер көрсететін орны. Шаңырақ – уықтар бекітілетін киіз үйдің дөңгелек шеңберлі төбесі.

6. Жаңа сөзді сөйлем ішінде пайдалану тәсілі. Кейбір жаңа сөздердің мағынасы сөйлем ішінде пайдалану арқылы да түсіндіріледі.
7. Сөз мағынасын олардың антонимдерімен түсіндіру тәсілі. Жаңа сөздің мағынасын түсіндіру тәсілдерінің бірі – сөздерді антонимдерімен салыстыру. Түсіндіргелі отырған жаңа сөздің антонимі оқушыларға бұрыннан белгілі сөздер болуы тиіс. Сөздердің мағынасын антонимдері арқылы түсіндіру әлдеқайда тиімді. Мысалы, ирек-түзу, баяу-тез, жылдам; кішіпейіл-менмен, дөрекі, қатігез-мейірімді, қоян жүрек-батыр. Сөздерді антонимдерімен салыстырып қана қою жеткіліксіз, сонымен бірге бұл сөздермен сөйлем құрап түсіндірілсе, оқушылардың есінде ұзақ сақталады.
8. Абстракт мағыналы сөздерді өмірден мысалдар келтіре отырып түсіндіру тәсілі. Мысалы, батыр, батыл, ержүрек сөздерінің мағынасын М.Мәмбетова, Ә.Молдағұлова, Б.Момышұлы сияқты аға ұрпақтың ерлік істері арқылы ашу.

**ә) көркем мәтіндегі бейнелі құралдарды үйрету;**

Көркем мәтіндегі сөздер мен олардың тіркестері ауыспалы мағынада қолданылып, бала санасында айқын бейне жасайды; олар тілдің бейнелік құралдары болып табылады. Мұндағы ауыспалы мағынада қолданылатын сөз немесе тіркес **троп** деп аталады. Тілдің бейнелік құралдары қылыштай кесіп түсетін өткір де дәл, сезімге әсер етіп, сөйлеуде жандандыратын, ойлаудың икемділігі мен тездігін дамытатын, балалардың сөздіктерін жетілдіре түсетін қызмет атқарады.

Троптың ең қарапайым түрі - теңеу болып табылады. Теңеу өлеңде де, қара сөзде де кездеседі. Мысалы, (2-сынып, 42-б.) Ананың тікенекті арқасыда балаға мамықтай жұмсақ, - депті Төле би. Мұнда балаға ананың қымбат екенін таныту. Немесе кедейдің жерінің өте кішкентай екенін көрсету үшін «Ұлтарактай жеріне егін егіп», - дейді.

Теңеу бастауыш сынып оқулықтарында жиі кездеседі.

Теңеу сөздермен жұмыс тек логикалық жағынан ғана жүргізілмей, оқушы қиялында сурет, бейне туғызатындай тапсырмалар болуы қажет. Мысалы, «Көз алдарыңа елестетіндерші, айнала опадай оппа қар. Оған топырласа, шулап, күп берген балалар ... Айтып көріндерші? Сендер солай ойнайсыңдар ма? Ондай қарды кім көрді, ол қандай қар?». Балалар қарға үлпілдек, түбіттей жұмсақ, мақтадай аппақ, жұмсақ... деген сияқты теңеулер табады. Оқушылар көпшілік жағдайда қарапайым, жай теңеумен сөйлейді.

**Эпитет** – заттар мен құбылыстардың мән-мағынасы және оларды автордың бағалауы туралы санада айқын бейне жасайтын көркем анықтама.

Эпитетпен жұмыс жүргізгенде «Бұл зат неге осылай бейнеленген, басқаша айтуға болар ма еді? сияқты сұрақтардан басталады. «Кітап та алма алма ағашы, жемісін біздер теретін» (М.Әлімбаев, 2-сынып).

Бейнелеп сөйлеу жағынан ең күштісі – метафора. Метафорада бір құбылыс екінші бір ұқсас құбылыспен жалғасып, айқын, әдемі сурет жасайды. **Метафора** – троп ішіндегі ең әсерлісі ең көп қолданылатын түрі. Метафораның кең айтылған түрі **аллегория** болады. Аллегорияда сюжетке қатысқан кейіпкерлер де, мәтіннің тілі де тура айтылмай, астарлап, басқа мағынада айтылады.

Метафора, аллегориямен айтылған шығармаларды оқығанда,

«Өмірде ондай болмайды» деп, балаларға шындығын айтудың қажеті жоқ. Балалар алуан түрлі мультфильмдерді көргенде немесе өздері түрлі ойындар ойнағанда, сол әрекеттер арқылы айналадағы шындықты таниды.

Метафораны түсіндіру 1-сыныптан басталады. Мысалы,  
«Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң әрқалан.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан», -

деген Абай өлеңінде толып тұрған метафора. Ақын балаларға айтқысы келген ойын мұғалім; «Қызықай болып, анаған да, мынаған да жүгіре берме, өз мүмкіндігіңді шамалай біл, дүниеде өз орныңды таба біл, адамдардың арасында бір жетпей тұрған жерге, қажетті жерге қызмет ет» деген сияқты сөздермен түсіндіріп, жеткізуді талап етеді.

Жоғарыда айтылғандарды жиінақтай келе, тілдің көркемдік құралдарын танытуда оқушылармен істелінетін жұмыстардың бастылары:

1. мәтіннен бейнелі сөздерді табу;
2. мәтіннен оқушылардың өздері тапқан немесе мұғалімнің көрсеткен сөздерінің, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіру;
3. мұғалімнің сұрағы бойынша сөз арқылы бейнелеу, көз алдына елестету;
4. бұрын айтылған, талданған бейнелерге қолданылған сөздер мен тіркестерін оқушы өздері кұрастырған әңгімелерінде, жазған шығармалары мен мазмұндамаларында пайдаланады;
5. дауыс ырғағын келтіріп үйрету, мәнерлеп оқуға дайындалу;
6. теңеу, эпитеттер табуға, жұмбақтар ойлап кұрастыруға арнайы жаттығулар жүргізу.

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын дамытып, қалыптастыруда тіл дамыту жұмысының көлемі ұшан-теңіз. Тілдің көркемдік құралдарымен жүргізілетін жұмыстардан басқа синонимдер, антонимдер, омонимдер және фразеологиялық тіркестерді меңгеруге арналған түрлі тапсырмалар жатады.

#### **б) синонимдермен жұмыс;**

Қандай тіл болсын, оның лексикалық байлығы мен оралымдығы синонимдер арқылы көрінеді. Ал қазақ тілі синоним сөздерге ең бай тілдің бірі болып табылады. Оған дәлел: «Синонимдер сөздігін» жинақтап, қазақ тілінде алғаш шығарған белгілі ғалым, профессор Әсет Болғанбаев «Шыдамсыздану» сөзіне 13 синоним, «бұлғақтау» сөзіне 12 синоним, «аласа» сөзіне 15 синоним, т.с.с. берген. Осы кітапта ғалым: «Жас буындарды тілге жетік етіп тәрбиелеу үшін, оларды тіліміздегі синонимдерді дұрыс пайдалана білуге үйрету керек. Ол үшін, ең алдымен, мектептерде оқушыларда білетін сөздерінің мағыналарын дұрыс танып, дәл жұмсай білуге дағдыландыру қажет. Әсіресе, синоним сөздерінің нәзік мағыналарын қалай ажыратып, қалай қолданатындықтарынша қатты зер салып, қадағалап отыруды тілейді. Мұғалімдер... оқушылардың сөздерді қалай болса солай, жауапсыздықпен теріс қолдана салуына төзулшеріне болмайды», - (102-б) деп көрсетті.

Бастауыш сыныптарда синонимдермеұн жұмыс былайша ұйымдастырылуы тиіс:

- оқылған мәтіндердің ішінен мағынасы жағынан бір-бірімен жақын сөздерді табу және ол сөздердің мағыналарының реңктерін түсіндіру;
- осы сөздердің әрқайсысына мағыналары жақын келетін сөздер табу.

Синонимдермен жұмыс әрбір сөздің дәлме-дәл мағынасын талдау арқылы анықтау болып табылады.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін синонимдермен жұмыс жүргізудің негізгі түрлері:

1. мағынасы бір-бірімен жақын сөздерді іріктеу және бір топқа жинақтау. Мысалы: жүгіріп келеді, қарап тұр, ұйықтап жатыр, шауып келеді, көріп тұр, зытып келеді, көзін алмайды т.с.с. Бұл жағдайда балалар мәтінді түгел, тиянақты оқуға тырысады.
2. синонимдерді заттың немесе құбылыстың бір белгісін көрсетуге бірте-бірте күшейте түсу я болмаса азайта түсу жағына қарай іріктеу. Мысалы, құла дала, көл-көсір, үлкен; кішкентай, құртақандай, титімдей.
3. мәтіндегі сөзге синонимдер табу. Мысалы, қорқу сөзіне зәресі ұшу, жүрексіну, құты қашу т.с.с. Бұл оқушылардың тіліндегі синонимдерді арттырады.
4. синонимді ауыстыру немесе алмастыру. Мысалы, (2-сынып,

ана тілі, 22-б). Ақырында, еңбегі зая кетпей, күзде бір дорба бидай алады. Зая – құр босқа, бекерге (Ш.Құдайбердиев).

5. оқушыларға әр тапсырманы өткен соң оқулықтағы синонимдерді және сабақ барысында өздері тапқан синонимдерді, қолданылған синонимдерді «синоним сөздігі» дәптерлеріне жаздырып отыру.

**в) омонимдермен жұмыс;**

Бастауыш сыныптарда оқушыларға тілдегі омоним деп аталатын құбылыстан хабар беру не үшін керек?

Біріншіден, оқушылар тілдегі сөз мағыналарының жүйесін оңай, анық түсінеді.

Екіншіден, омоним туралы анық ұғымдар алған оқушылар кейін жоғары сыныптарда омонимдердің көп мағыналы сөздерден ерекшелігін оңай түсінетін болады.

Үшіншіден, тілдегі омонимдердің және көп мағыналы сөздердің табиғатын сезіне алатын оқушылар ана тілдегі мәтіндерде кездесетін омонимдерді оңай түсіне алады.

Демек, балаларға бастауыш сыныптардан-ақ синонимдер, омонимдер туралы ұғымдар беріп, бұрыннан белгілі сөздердің омоним сыңарларын түсіндіру олардың сөздік қоры жетілдіріп, байытудың бір бөлігі болып табылады. Мысалы, (2-сынып, ана тілі, 162-б). Атасы солай қарай беттегенде, Мұхтар бұрыннан көзтаньыс, қыстай көрмеген осы ауылдың балаларына қосылды («Қоңыр қоз», Т.Жұртбай). Бұл жердегі 1. ата – (әкенің әкесі) 2. ата – («тұстап айт» деген мағынада).

**г) антонимдермен жұмыс;**

Антонимдер – мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер. Олар сөйлеу барысында антитеза жасау үшін, қарама-қарсылықты көрсету үшін фнап, грүүОд қолданылады.

Антонимдермен ұйымдастырылатын жұмыс та, синонимдер сияқты рпо.жүйелі түрде мәтіндерді оқығанда немесе грамматикалық жаттығуларды орындау барысында үздіксіз жүргізіліп отырады. Мысалы, (2-сынып, ана тілі, 64-б).

Мейлі жас, мейлі кәрі бол,

Дана деп сені, пана деп сені ұғамын.

Көктемсің нұр мен нәрі мол,

Диқансың және кеншісің, және мұғалім!, -

деген өлеңдегі (Ж.Молдағалиев) асты сызылған сөздерді толық

мәнерлеп оқылған соң, түсіндіріп, талдау жасаймыз. Мұндағы синоним сөздерді де таптырып олардың антонимдерін табуға тапсырма береміз. Немесе (2-сынып, ана тілі, 65-б). «Мөрте мен Зере» мәтініндегі мына сөйлемді алсақ, «**Жалғыз** Нұржан емес, **бүкіл** Шаянның балалары Бөртені жақсы көріп кетті».

Антонимдер мақал-мәтелдерде, халық ертегілерінде адалдық пен арамдық, аңқаулық пен қулық сүйіспеншілік пен жек көрушілік, өтірік пен шындық сияқтыларға көңіл аудару үшін жиі қолданылады. Әсіресе ертегілерде жағымсыз бейнелер жөнінде айтылатын болғандықтан, антонимдер жиі кедеседі. Мысалы, (2-сынып, ана тілі, 21-б). «Ақ бидай» ертегісіндегі «Үстінен әрлі-берлі ұшып өтіп жатқан үлкен де, кіші де құстарға жалбарынады». оқушыларға өткен синоним, омоним, антоним сөздерді пайдалана отырып, ертегі құрастыруды тапсырамыз. Бұл балалардың сөздік қорын байытып, сөз мәдениетін қалыптастырудың бірден бір жолы. Бұл үздіксіз жүріп отыруы тиіс. Мұндағы негізгі мақсат оқушылардың өздері пайдалана алатындай дәрежеге жеткізу.

**д) көп мағыналы сөздермен жұмыс;**

Көп мағыналы сөздерді оқушылар жиі қолданады, бірақ ол сөздердің көп мағыналы екенін олар саналы түрде аңғара бермейді. Алғашқы кезде бір сөздің бірнеше мағынасы болатыны оқушыларды таңғалдырады. Бірақ оқушылар бір сөздің бірнеше мағынасын тез үйренеді. «Ана тілі» оқулықтарындағы мәтіндерде көп мағыналы сөздер жиі кездеседі. Мысалы, **түс** – түс көру; заттың түсі; аттан түс, т.б. **Ай** – аспандағы ай; ай - бір ай мерзімі; күн – күннің көзі; күн – бір күнгі мерзім; күнкөріс, т.б.

Мысалы, (2-сынып, ана тілі, 212-б)

Наурызда күлімдеп,

Күн көзі жылында.

Өзгеше бүгін леп,

Қыс тауға тығылды,-

деген өлеңде (Ө.Ақыпбеков) асты сызылған сөзді былайша түсіндіреміз.

1.көз (адам мүшесі)

2.көз (тіршіліктің көзі)

3.көз (заттың не құбылыстың көзі).

Немесе, (2-сынып, ана тілі, 11-б) Жүсіпбек Аймауытовтың

«Ыстық қой, шіркін, туған жер!» атты шығармасындағы «Қас қарайды. Қой қотанға келді. Арбаны төңіректеп, сүйкеніп сиырлар тұр. Үй басы есік алдына от жағып, кешкі сиырдың сүтін пісіріп жатыр» деген сөйлем қатарындағы бас сөзі бірнеше мағынада қолданылатынын айтып, оқушылардан осы мәтіннен көп мағыналы сөздерді табуға тапсырма береміз.

**е) қанатты, нақыл сөздермен жұмыс;**

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың оқитын мәтіндерінде тұрақты сөз оралымдары көп кездеседі. Қанатты сөздер – метафоралық түрде, жанама мағынада айтылады. Мысалы, «Оқуына тастай» дегенді тапсырмасын бұлжытпай орындап, жақсы оқитындарға айтады. Қанатты сөздер 1-сынып- тағы «Тарыдай болып кіремін, таудай болып шығамын», - деген сөзден басталады. Міне осыкезден-ақ балаларға қанатты сөздерді танытып, үйрету басталады. Мәтінде кездескен қанатты сөзді оқушылардан қалай түсінетіндерін сұрап, қандай басқа қанатты сөздерді білесіңдер? Балалар әртүрлі жауап береді. Сабақ барысында түсіндірілген қанатты сөздерді және өздері айтқан қанатты сөзді «Қанатты сөздерге» арналған дәптерлеріне жаздыру.

**ж) мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды үйрету;**

Балалардың тілін, ойын дамытуда мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштардың маңызы жөніндегі мәселе өз алдына зерттеуді қажет етеді. оқушылардың сөздік қорын арттырып, сөз мәдениетін қалыптастыруда мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың, жаңылтпаштардың орны орасан зор. «Атамұра» баспасының 2-сыныпқа арналған ана тілі оқулығында 29-мақал-мәтел, 23-жұмбақ, 22-жаңылтпаш берілген.

Орналасу жүйесі жағынан ана тілі оқулықтарындағы мәтіндердің соңынан беріліп, әрбір тарау мақал мәтелмен ашылады.

Мақал-мәтелдердегі терең мағыналы оң-пікірлер мәтіндердің мазмұнымен байланысып, тақырып тынысын күшейте түседі. Мысалы, (2-сынып, ана тілі, 121-б) «Еңбекпен ел көгерер» ертегісін оқығаннан кейін, «Кім еңбек етсе, сол – тоқ», «Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті»

мақал-мәтелдер беріліп, талданып, мән-мағынасы түсіндіріледі. Мұнда еңбек сөзін, тек бейнетпен, маңдай термен келетін жақсылық екенін, арманыңа, мақсатыңа жетудегі адал іс-әрекет екені ұғындырылады. Балаларды еңбек етуге тәрбиелесек, осы арқылы

сөздік қорына сөз қосылады. Мақал-мәтелдің мән-мағынасын ұғыну үшін, оқушылар біраз ойланады, мидың үлкен жарты шарының аналитикалық-синтетикалық қызметі іске асады және жаңадан сөздер үйренеді, бірқатар сөздердің мағыналарын түсінуге мүмкіндік жасалады.

Мақал-мәтелдерде поэзияға тән ырғақ, саз, интонация, дыбыс үндестігінің үйлесімі де бар. Мысалы, «Еңбек еткен - емеді», «Ер дәулеті – еңбек» сияқты бірыңғай жіңішке, езулік дыбыстар үйлесімдігі немесе «Ақыл – жастан, асыл – тастан» сияқты бірыңғай жуан дыбысты дыбынстардың үйлесімділігі жеке сөздерді, сөз бен сөздің байланысын дұрыс оқуға көмегін тигізеді.

Бастауыш сынып оқушыларына мақал-мәтелдерді үйрету арқылы олардың сөздік қорын дамытып, сөз мәдениетін қалыптастыру жұмысы жүйесіз, негізсіз, бағытсыз, кездейсоқ іске асырылмайды. Бастауыш сынып кезеңі – баланың сөздік қоры байитын, мәдениетті де, шебер сөйлеуге қалыптасатын кезең. Олай болса, тіл тазалығы, ой дәлдігінің атадан балаға мирас болып келе жатқан үлгілерінің бірі.

Мақал-мәтелдер мен жұмбақ, бір жағынан, балалардың өмірге көзқарасын кеңейтсе, екінші жағынан сөздік қорын байытады.

К.Д.Ушинский бастауыш сынып балаларына мақал-мәтел үйретудің пайдасын айта келіп, оның қысқада болсын табиғат немесе адам тұрмысының шындық құбылысын сипаттайтынын көрсетеді.

Мақал-мәтелдер және жұмбақтар бойынша жұмыстар жүргізу үшін, кейде сиректеу болса да, жеке сабақ арнаудың да пайдасы мол.

Жұмбақтар бойынша жұмыс, негізінен, оның шешуін табу бағытында жүргізіледі. Ол үшін нәрселерді, құбылыстарды жұмбақтап айтылған белгілеріне қарай іздестіру жолымен табу әдісі ұсынылады. Мұндай жағдайда жұмбақталған нәрсенің жалпы қай салаға жататыны, қандай бағытта ізделетіні айтылады. Мысалы, «Іздесем, ізі жоқ, бауыздасам, қаны жоқ» жұмбағын шешу керек делік. Бұл нәрсені өзеннен, көлден іздеу керектігі, оның суда болатыны ескертіледі. Мұндай бағыт берілмеген жағдайда балаларға қиындық түседі.

Ал жұмбақтың құрамындағы метафоралық бейне сол жұмбақталған нәрсені іздестіріп табу барысында өз-өзінен ашылады. Мысалы, жоғарыда айтылған жұмбақты шешу барысында өзен, көлде болатын балық, бақа-шаян сияқтыларды айтады. Олардың ізі

болмағанымен, қаны болатыны, ал біздің жұмбағымыздағы нәрсенің қаны да, ізі де жоқтығы айтылады.

Жұмбақтыңшешуі табылғаннан кейін, сұрақ-жауап арқылы метафоралық бейне ашылады. Жұмбақта қандай із жөнінде айтылады? Мұндағы бауыздау сөзінің мағынасын қалай түсінуге болады? (қайықтың тұмсығымен су толқынын кесуі), т.с.с. Немесе, «Аяғы біреу, қолы жоқ, шиыр-шиыр жолы көп» жұмбағының құрамындағы сөздердің де әуелі тура мағынасы талданады: кез келген нәрсенің салған ізінің сөйлей алмайтындығы, салған іздің сөйлеуі дегеннің не екені сұралады. Осы арқылы бұл жұмбақталып отырғанды оқу құралдарының төңірегінен іздестіру керектігі айтылып, олардың ішінде қозғалатын, жүретін қандай нәрселердің бар ойластырылады. Егер балалар оны таба алмайтындай болса, «Оқу құралдарының ішінде қайсыларында жол бар?» деген сияқты сұрақ арқылы дәптер мен кітапта жол болатыны анықталады. Сонан соң дәптердегі сызық жолдың сөйлей алмайтыны, сөйлейтін жол – жазу екені, жазу жолын қалам, қарындаш салатыны айқындалады.

Бастауыш сыныпта мақал-мәтел, жұмбақтармен қоса жаңылтпаштарда үйретіледі. Әсіресе, бала тілін түзетудегі рөлі зор. Мұнда: 1) тіл мүкістігін жоюға; 2) сөздерді анық айтуға жаттықтырады.

оқушы меңгерген жаңылтпаш қорын әрбір сыныпта оқу жылы аяғында жарыстар өткізу арқылы айқындауға болады. «Кім жаңылмайды?», «Жаңылтпаш жаңылдырады», т.с.с. атпен жарыстар өткізу оқушылардың жаңылтпаш жаттауына септігін тигізеді.

А.Байтұрсынов «Төмендегі сөйлемдерді үш қайтара айтқызу арқылы жаңылтпаш жасауға болады» деп, мына сөйлемдерді берген:

1. Назар нараз.
2. Нан арзан, нар арзан.
3. Назар, нараз, нар арзан.
4. Назар,нараз, нан арзан.
5. Он нан онанарзан.
6. Назар, нанар.
7. Назар, азар, нар азар.

Жалпы оқушылардың қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларға мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштардың қандай түрлері қандай жүйемен, қалайша берілу керектігі анықталуы қажет.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда ертегілерді оқыту өте маңызды. Ертегілерді оқу арқылы балалар қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адалдық сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Ертегінің тілі түсінікті, қанатты сөздер мен бейнелі тіркестерге бай болып келеді. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі оқушыны халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады.

Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін де өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою, қандай суреттер салуға болатынын анықтау, т.б. жұмыстарды 2-3 – сыныптар орындай алады. Ертегіні балалар қызыға оқиды, олардың мазмұнын бір оқығанда-ақ игереді. Сондықтан бірқатар ертегілерді оқығанда, жалпы идеясын ғана әңгімелеп, мазмұнын үйден оқуға тапсыруға да болады.

оқушының қиялын жетілдіре отырып, тілін дамытуда **мысалдардың** алатын орны өзгеше.

Әдеби шығармалардың басқа түрлерінен мысалдың мынадай өзгешіліктері бар:

1. аллегориямен айтылатыны;
2. мысалда белгілі бір үгіт, тәлім-тәрбиелік мән болатыны;
3. оның оқылу ерекшелігі.

Бастауыш сынып оқушылары мысалды оқығанда, суреттелген оқиғаның тартымдылығына қызығады, оны шындық деп қабылдайды. Сондықтан мысалды оқып шығысымен, автордың ондағы суреттеп отырған жан-жануарлары кімдердің бейнесі, оны кім деп түсінесіңдер? Дегендей сұрақ қою қателік болар. Өйткені жұмысты мұндай әдіспен жүргізу – оқушылардың мысалды оқығанда алған әсерін жояды. Сондықтан одан алған әсерлері әлсіремей, қайта күшейе түсетіндей, мысалдағы кейіпкерлердің іс-әрекетін тереңірек ұғына түсуіне жағдай жасайтын әдіс-тәсілдер қарастырылады. Ол үшін алдымен мысалдағы суреттелген оқиғаны, қатысушы кейіпкерлерді шындық, өмірде болатындай етіп түсіндіру қажет. Ал мысалда суреттелгендер балаларға шындық, болмыс жөнінде қате түсінік береді, өйткені қарға, түлкі сөйлемейді ғой деген сияқтылардан қауіптенудің қажеті жоқ. Олардың сөйлемейтінін балалардың өздері де жақсы біледі, сонда да оны шындық сияқты қабылдайды.

Мысалдарды оқығанда көңіл қоятын жай – оқушыларға олардың мазмұнын қабылдау және олардағы кейіпкерлердің іс-

әрекетін талдау.

Қорыта айтқанда, мысалды төмендегідей жолдармен оқытуға болады:

1. Оқылатын мысал жөнінде мұғалім алдын ала әңгіме өткізеді; онда балаларға түсінігі ауырлық келтіретін сөздердің (сол мысалдың ішінде кездесетін) кейбіреулерін кірістіре отырып, олардың мағыналарын аша кетеді.
2. Мұғалім мысалды әуелі нақышына келтіре өзі оқиды, сонан кейін оқушыларға оқытады.
3. Мысалдың мазмұны талданылады.
4. Мысалдың кей жерлерінен үзінді келтіріле отырып, ондағы негізгі ойдың не екені қорытындыда әңгімеленеді.
5. Мысалдың мазмұнына ұқсас өмірде кездесетін іс-әрекеттерден мысалдар келтіріледі.
6. Рөлге бөліп оқытылады.

Ертегі, мысалдар арқылы баланың қиялына шығармашылық бағыт бере отырып, тілін ұстартуға зор септігін тигізеді.

### **Бастауыш сынып оқулықтарының балалардың сөздік қорын байытудағы орны**

Ұлттық оқулықтарымыздың іргесін қалаған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, пен М.Дулатовтардың жазған оқулықтарынан бергі кезеңде қалыптасып келе жатқан үрдісті 1918 жылғы «Шағын ұлттардың мектептері туралы» қаулы бұзып жіберді. Таптық көзқарасты басшылыққа алған ұлтсыздық бағытындағы бір үлгідегі мектептерде орталықтан жіберген оқулықтар мен оқу бағдарламалары басшылыққа алынды. Әсіресе «халық жауларын» талқандау секілді әйгілі нәубет жылдары ұлтымыздың зиялылары жаппай қудалайға ұшырап, оқулық жазу ісі іркіліске ұшырады.

Жас ұрпақты тәрбилеу ісі қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын уақыттың талап-тілегіне сай үздіксіз жүзеге асырылып отырады. 50-60-шы жылдарда алдыңғы орынға ана тілін оқыту әдістері мен оқу үрдісіне жаңа, күрделірек мазмұн беру арқылы балалардың таным қызметін кеңейту, жетілдіру міндеттері алға қойылды.

Бастауыш сыныпта әліппе, ана тілі оқулықтарына берілетін тілдік материалдарды ғылыми тұрғыдан оқушылардың әдеби сөздік

қорын кеңейту, байыту мақсатында пайдаланылған жоқ.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптағы ана тілінің бұрынғы оқулықтарында саясатқа баса көңіл бөлініп, ұлттық ерекшелігіміз, дәстүрлеріміз назардан тыс қалды.

Ал, бүгін жаңа бағдарламабойынша жаңа әдіспен оқыту жолы көзделуде. Зерттеу әдістері де өзгерді: тұтас сыныптар мен зерттеу жұмыстары басталды. Мұндай оқытудың тиімді тұсы білім мен дағдыны жетілдіру үрдісімен байланысты сыныптағы орындалатын жұмыстарды жылдамдатып, жетілдіруге қатысты болды.

Сонымен бірге төменгі сыныптарда қазақ тілі мен ана тілі, әліппе пәндерін оқытуда мәтін түрлерін саналы түсініп оқу арқылы есте сақтап, өз ой-пікірлері мен тұжырымы бойынша белгілі тақырыпқа сай ауызша-жазбаша сөйлеу икемділіктерін арттырып, ойын жүйелі жеткізе білуге дағдыландыру болмақ.

Қазіргі мектеп оқушыларының ойлау мен сөйлеу әрекетін дамыту күн тәртібінде өткір қойылуда. Ал сөйлеу – ауызша және жазбаша болатыны белгілі. Сондықтан оқушының сөйлеу икемділіктерін дамытуда әліппені, қазақ тілі мен ана тілі пәнін оқытудың маңызы ерекше. Мәселенің өзектілігі соңғы онжылдықта көптеген лингвистикалық зерттеулерге арқау болуда.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда оқулықтар мазмұнына жаңа, күрделірек мазмұн беру арқылы олар таным қызметін кеңейту, ойын жетілдіру олардың сөйлеу қызметінің қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қазақ тілінің жұмсалу аясына, тіл тазалығына қатысты қазақ тілі фонологиялық жүйесінің ерекшеліктерін сақтау, үндестік заңын бұзбау мақсатында оқушыларға өзге тілдерден енген сөздерді жаздырып, оқытуда белгілі бір жүйенің болиауына байланысты орфографиямыздағы келеңсіздіктерге статистикалық талдау жасалынып, мектеп оқулықтарындағы олардың үлесі анықталып, сөздердің дұрыс жазылуын реттеуді бастауыш сынып оқулықтарынан бастау туралы ұсыныс, пікірлер айтылған.

Мектеп оқушыларына ана тіліміздің лексика-грамматикалық жүйесін меңгерту үшін оқулықтардағы сөздік қор мен оның құрамын анықтап, оны жетілдіру жолдарын қарастыру, сөздердің кездесу жиіліктеріне сәйкес тіл заңдылықтарын түсіндіру, мектеп оқулықтарының тілдік ерекшеліктерін анықтау секілді теориялық мәселелер де қамтылды.

Бұл жұмыстың басты мақсатының бірі – бастауыш сынып оқушыларының тілін байыту, оны дамытудың жолдарын қарастыру. Ол үшін мектеп оқулықтарының мәтіндеріне тілімізде жиі кездесетін және сирек қолданылатын танымдық маңызы бар, жаңа мәнге ие сөздерді сұрыптап ала білу қажет. Бұл мақсаттарды шешу үшін бастауыш сынып оқулықтарына лингвистикалық әдіспен зерттеу жүргізіп, ондағы сөздік қорды анықтап алу керек.

Сирек қолданыстағы сөздероқулық тілінің байлығын, болашақтағы бастауыш мектеп оқулықтарының сапасын жақсартуда лингвистикалық зерттеу нәтижелерін ескеріп, сирек қолданылатын жаңа мәнге ие, танымдық, мағыналық құндылығы жоғары сөздердің қамтылуы болашақта оқулық құрастыру барысында ескерілуі тиіс. Ал, бастауыш сынып оқулықтарының жиілік сөздігін алу нәтижесінде кейінгі жылдар оқулықтарында кездеспейтін сирек қолданыстағы , сөзжасамдық қабілеті өнімді, мағыналық құндылығы жоғары сөздердің лексикалық минимумы әзірленді. Бұл бастауыш сынып оқулықтарын құрастыруда құнды материал бола алады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, баланың екінші сигналдық жүйесі ретіндегі сөйлеу бірінші сигналдарға қарағанда жетекші орында болады да, екінші сигналдар оған қызмет етеді. Ал, сөздік қоры мен ойлау жүйесі нашар дамыған балалардың сөз байланыстары тек белгілі бір бағытта болады. Тек баланың ақыл-ой қызметін активтендіру және ұйымдастыру нәтижесінде ғана білімді меңгертуге болады. Сондықтан да, мектепте лексика мен морфологияны үйретудің жүйелі тәсілдеріне көшу, яғни баланың ақыл-ой қызметін активтендіру үшін мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің сөздігіне мүмкіндігінше жоғары сөздерді сұрыптап ала білудің айрықша маңызы бар. Мұнда әрбір сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктерін де ескеруі қажет. Ол үшін әрбір сыныптағы сөздердің санын анықтап, тілдік материалдарды іріктеу, оқушылар тілінде жиі қолданылмайтын сөздердің минимумдарын әзірлеу керек. Бұл мақсаттардан бастауыш сынып оқулықтарын лингвистикалық әдіспен зерттеу міндеті туындайды.

Алынған сандық нтижелерді сапамен ұштастыру бағытында әрбір кезең аралығындағы балалар лексикасындағы ерекшеліктерді ескеріп, болашақта оқулықтарды құрастыруда әрбір кезеңге тән сирек қолданыстағы лексикалық тұлғаларды іріктеу,танымдық қызметі жоғары болғанымен, оқушылар тілінде белсенді

қолданылмайтын сөздерді бастауыш сынып оқулықтарынан сұрыптау 50-жылдардағы тіл тарихына қатысты материалдарды қамтуымызға негіз болады.

Оқулық мәтіндерінің құрастырылуы мен нақты грамматикалық жағынан толықтығы ана тіліміздің грамматикасын оқытуды ұйымдастырумен бір деңгейде аса маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар морфологиялық талдау бастауыш сынып оқулықтарындағы сөздердің парадигмалық арақатынасы фактілерін зерттеу және синтаксистік деңгейде зерттеуге қажет болатын сөздер мен олардың тіркестерін байланыстырушы грамматикалық көрсеткіштерді анықтау үшін қолданылды. Осы бағытта алған статистикалық мәліметтеріміз бастауыш сынып оқулықтарының морфологиялық құрылымының кейбір заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары тілдік құбылыстарды сандық және сапалық жақтан анықтауда зерттеліп отырған материалдың белгілі бір ықтимал статистикалық заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін лингвостатистикалық әдіс-тәсілдер қолданылуда (Қ.Бектаев, А.Жұбанов, Ә.Ахабаев, Қ.Молдабек т.б.). Бұл тәсілдерді әсіресе бастауыш сынып оқулықтары (БСО) тілінің лексикасы мен морфологиясына қолданып, ондағы сандық және сапалық ерекшеліктерді айқындау, зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сөздердің қолданылымындағы кейбір тіл заңдылықтарын түсіндіру жалпы тіл білімінде ерекше маңызға ие болып отыр.

Соңғы жылдары «Атамұра» баспасынан шыққан БСО зерттеген М.Ермекбаев оқулықтарындағы сирек қолданылған сөздерді анықтап, олардың оқушылардың тіл байлығын арттырудағы маңызын ескеріп, оны дамыту жолдарын қарастырды.

Шығармашылық еңбек оқушылардың оқу және тәрбие жұмыстарын жетілдірудің бір формасы. Шығармашылық ең алдымен мұғалімдерден терең және берік білімді, мол тәжірибені талап етеді.

Баланың тұңғыш ұстазы - оның мектеп табалдырығын алғаш аттағанда күтіп алып, әріп танытып, жазуға үйрететін мұғалімі. Ұстаз – адамдардың өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, оларға өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектесетін, айналасына білім-тәрбие нәрін шашып, адамгершілік нұрын төгетін қоғамдық қайраткер, ойшыл тұлға.

Психология-педагогикалық зертеу мәліметтеріне қарағанда Ф.Н.Гоноболин, Н.В.Кузьмина, А.Сластенин, А.Н.Щербаков, т.б.

педагогикалық қабілеттің бірнеше түрі кедеседі. Олардың бірі сөйлеу қабілеті.

Сөйлеу (экспрессивті) қабілеті – тіл арқылы өз ойын, ішкі сезімін нақты, түсінікті етіп жеткізе білуі.

### **Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру**

Еліміз егеменді ел болғалы бері келелі де ауқымды өзгерістер жүруде. Саяси, экономикалық, қаржылық т.б. салалардағы секілді білім беру саласы да мұндай өзгерістерден тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Мемлекетіміз осының бәрін ескеріп білім беру жүйесін баса дамытуға, оның дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне аса мән беруде. Білім беру, тәрбиелеу және балалардың ой-өрісі қабілетінің дамуы бұл алға қояр мақсат болып табылады.

Өмір сүру үшін білімді меңгерудің маңызды екендігі жайлы ғұлама бабаларымыз әл-Фараби, Қ.А.Ясауи, М.Х.Дулати, Ж.Баласағұн тамаша өсиеттер қалдырған.

Ұлы ойшылдар ағартушы-педагог Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Ж.Ж.Руссо, А.Дистерверг, Ы.Алтынсарин, К.Д.Ушинский оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін, дербестігін, ойлауын дамытуға көңіл бөлу керектігін айтқан болса, оқыту үрдісінің ерекшеліктері мен ұстанымдары, оқыту әдістері мен құралдарын М.А.Данилов, Б.Н.Есипов, Н.Скаткин, Ю.К.Бабанский, М.Жұмабаев, Т.Сабыров, т.б. өз еңбектерінде оқушылардың өз бетінше жұмыс орындауда дидактикалық ойындардың пайдалы жақтарын талқылаған, ғылыми түсініктер берген. Танымдық белсенділік туралы анықтамаларға талдау жасай отырып оқушылардың танымдық белсенділік белгілері анықталады.

Оған мына үш белгі тән:

- Оқу танымдық белсенділіктің қоғамдағы маңыздылық бағыты;
- Оқу танымдық белсенділіктің интеллектуалдық сипаты;
- Оқу танымдық белсенділіктің реттеушілік сипаты;

Сондай ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші факторлармен анықталады:

- оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;

- оқу үрдісіне мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;
- материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету;
- бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б.

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігі нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық дамыту негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Ойын әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін қызықтыра отырып, тұлғалық дамуын қалыптастыруға болады.

Мазмұны бойынша ойын әрекеті оқушылардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді.

Дидактикалық ойын мектеп оқушыларының сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлауын, зерделеуін дамытады.

Қазақ халық ойындарының жіктемесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне А.Диваев, ойын сипатына М.Гуннер, Е.Сағындықов, Б.Төтенаев; дене қасиеттерін, қимылдық әрекеттерді дамытуға М.Таникеев, Ж.Төлегенов, Т.Бекбатшаева, Т.Қуанышов; ойындардың педагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес жасалады.

Мектеп оқушыларының төменгі топтарында негізгі ойындық іскерліктер қалыптасады, бұл оларға ойын барысында өзара байланысқан шарттық құралдарды пайдалануға көмектеседі.

Педагогтың алдында мынандай міндеттер тұрады. Ол балалардың шығармашылық белсенділігін теңдестіру.

Бұған ойынның құрамына әртүрлі рөлдерді қосу; әлеуметтік сферадағы әртүрлі өмірді, әртүрлі әдеби шығармаларды, ертегілерді, сонымен қатар, ертегідегі және шын өмірдегі персонаждарды қосады.

Мысалы, педагог (балабақшада тәрбиеші) полиция қызметкерін, от сөндіруші және жалмауыз кемпірді, Тазша баланы, дәрігерді қосады. Жалпы сюжетке мұндай рөлдерді қосу балалардың бейнесін белсендіреді, оларда жаңа күтпеген жағдайларды ойлауына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мұғалім оқушылардың ойынға қызығушылығын

ескереді, яғни күнделікті ойында олар қалыптаспайды. Ойын іс әрекетін негізінде қалыптасатын ойындардың ішінде дидактикалық ойындардың маңыздылығы жағынан өзгелерінен бөле-жара айтуға болады. Бірақ, бір ескертетін нәрсе, маңызды екен деп сабақ мазмұнына үйлеспейтін ойын түрлерін қолданудан аулақ болған жөн. Әр ойынның өз реті бар.

Әрбір мұғалім сабақ процесінде қандай ойын қолданатынын сабақ мазмұнына, мақсатына сәйкес таңдап алған жөн. Өйткені ойын мектепке келген 6 жасар балалар үшін қызықты әрекет, іс-қимыл бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол педагогикалық ізденістің арқасында ғана қуатты құралға айналады.

6 жасар балаларды оқытып-тәрбиелеуде педагог балалар игере алатындай ойынның бағдарламалық мазмұнын жоспарлайды, дидактикалық және ойын міндеттерін, қимыл мен ережелерді белгілейді.

Ойын іс-әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін және ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, мұғалім балаларды ойнауға, А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, “Жақсы ойын” жасауға үйретеді. Мұндай ойынға мынадай сипаттар тән: мазмұнының тәрбиелік-танымдық құндылығы, ойын барысының дұрыс түсіндірілуі, таңдалынып алынған ойын түрінің оқушыларға үйретері мол және шығармашылық сипаты, жеке балалардың және барлық ойнаушылардың мүдделерін ескере отырып ойын ережесіне бағыну және соларды басшылыққа ала білуі, ойыншықтар мен ойын материалдарын белгілі бір мақсатқа пайдалану, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынастары және көңіл күйлерінің шат болуы ескеріледі.

Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды.

Ойын іс әрекеті негізінен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсыбір рөлді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді.

Бала психологиясына ойын іс әрекетінің ықпалы жастардың

болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, жалпы еңбек, қоғамдық деңгейде қалыптасады деп алсақ, бүкіл қоршаған дүниенің әр саласының көзқарасқа тигізетін әсері, беретін білімі, тәрбиеге ықпалы әртүрлі болады.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектептегі барлық буын оқушыларының білімін ойын іс әрекеті тұрғысынан дамыту, жетілдіру-педагогика ғылымының міндеті болып табылады.

Осыған орай білімнің мазмұнын, білім беру жүйесіндегі орнын, оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін, оны дұрыс ұйымдастырудың негізгі әдістерін, формаларын жетілдірудің жолдарын білу керек.

Оқу-тәрбие процесінде дидактикалық ойын әрекетін қолдану барысында әр баланың жеке басының ерекшелігі есепке алынуы тиіс. Сабақ барысында әр оқушының ұғымы, сезімі, түсінігі, қабылдауы, қабілеті әр түрлі. Ең бастысы - әр оқушының жеке басын құрметтеу, оның адамдық қасиетіне нұқсан келтірмеу. Қазіргі ізгілендіру заманында әрбір баланың өз мүмкіндігін, қабілетін, іскерлігін, ойлауын, ойын іс әрекеті барысында байқау қажет, сонда ғана олардың білімге, ынтасын арттырып, еңбексүйгіштікке, білімге құштарлық қасиеттерін нәтижелі қалыптастыруға болады.

Мұғалім оқушылармен ойын іс әрекетін ұйымдастырып, оларды үйрету, қалыптастыру үшін ең алдымен балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек.

Бастауыш сынып жасындағы баланың бойындағы психикалық процестер: зейін, қабылдау, қиялдау, есте қалдыру, ойлау, сөйлеу, сезімдер. Осындай психикалық процестер баланың бойында болуын, өзгеріп жетілуін қарастырады.

Бала мұндай ерекшелік пен іс-әрекетті қимыл жасау процесінде, дидактикалық ойын барысында шешеді. Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы психикалық дамуды, заңдылықтарды, іс-әрекеттің дамуын, жеке бастың қалыптасуын зерттейді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиясын білу оқыту, тәрбиелеу практикасын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту ісі білім берумен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауды дамытуға ойын іс әрекетін пайдаланудың маңызы ерекше.

Дидактикалық ойын арқылы –оқушының білімге деген өте белсенді ақыл –ой әрекеті. Ойын іс әрекеті - танымдық қажеттіліктен, мақсат,

танымдық және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Ойын іс әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық қалыптасады. Т.И.Шамова ойын әрекеті ізденімпаздықты жеке адамның білім мен іс-әрекет тәсілдерін біреудің көмегімен игеруге, қоршаған өмір шындығын одан әрі өзгерту және жетілдіру мақсатымен танымдық міндеттерді шешуге ұмтылысымен және белсенділігімен сипатталатын қасиеті ретінде қарастырады. .

Әртүрлі сыныптық және мектептен тыс тәрбие жұмыстары – оқушылардың ғылыми дүниетанымын дамытудың, танымдық белсенділік қалыптастырудың қажетті құралы. Адам белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті.

Ойын балалардың негізгі іс-әректінің бір түрі. Бала өмірі ойынмен байланысты. Бала ойынсыз өсе алмайды.

Бұл өмір заңдылығы. Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды, өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жарыққа шығады. Мысалы: Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, ал мектеп оқушылары сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді.

Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және үлкендерден үйренеді.

Сондықтан, сабақта дидактикалық ойын арқылы білімін шыңдап, ой өрісін кеңейтеді. Ал, ойынның мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттарға ерекшеліктері болады.

Сол ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын арқылы оқушылардың ойы ұшқыр, шешен әсерлі сөйлеп, ұлт тарихын, мәдениетін, халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын оңай игеруіне сетігін тигізетіні даусыз.

Ойын – күрделі философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғым. Ойын дегеніміз – тынысы кең, алысқа мензейтін, ойдан-ойға жетелейтін, балаға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген грек философы Гепокрит ойынды мәңгілікке теңеген.

Оның пікірінше ойын «Мәңгілік – шахмат ойнап отырған бала».

Келесі грек ойшылы Платон ойын теориясын қалыптырушы ретінде назарға алынады, оның пікірінше ойын-әрі жоғары ақыл, рахаттану, қызық және теңдесі жоқ жоғары құбылыс.

Психология тұрғысынан ойынды зерттеуге Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев секілді ғалымдар ат салысты. СЛ.Рубинштейннің пікірінше «ойын негізінде адамның барлық психикалық қабілеттері қалыптасады, баланы ересек өмірге дайындайды».

Ойын іс әрекеті арқылы бала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасайды.

К.Г.Исулов ойынды адам санасының қоршаған ортамен араласуындағы эвристикалық іс-әрекеті деп қарастырады.

Психологтар ойынның мынадай тізбесін дәлелдеген:

Қажеттілік – мотив – мақсат – ойын іс-әрекеті – нәтиже.

Демек, психологиялық тұрғыдан ойын:

а) Әлеуметтік тұрғыдан ойлауды қалыптырады;

ә) Танымдық мативтің дамуына әкеледі;

б) Іс-әрекеттің бір түрі ретінде оқу және еңбекпен қатар тұрады;

в) Логикалық ойлаудан эвристикалық ойлауға үйретеді.

Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі бір әрекетпен айналысуына байланысты.

Адам өз психикасын түрлі жолдармен жарыққа шығарады. Ойын арқылы адам психикалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын іс әрекеті кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады.

Көптеген жазушылар балаға ойынның психологиялық мәнін және ойынға тән ерекшеліктерді көркем бейнелер арқылы ашып береді.

Ойынның пайда болуы туралы зерттеушілердің көпшілігі өз еңбектерінде ойын-өнер мен көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді.

Ойын іс әрекеті кезінде шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Өмірдің әр түрлі құбылыстары мен үлкендердің әр түрлі әрекеттеріне еліктеу ойынға тән нәрсе.

Ойын кезінде шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы әрекет бала үшін қызықты.

Ойын әрекеті балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын іс әрекеті барысында:

- 1) Өзін еркін сезінеді.
- 2) Іздемпаздық тапқырлық әрекет байқатады.
- 3) Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді.

Педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі. Өйткені балалық, шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмір бақи өшпестей із қалдырады.

Бала ойын арқылы өзін толқытқан бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет, ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Былайша айтқанда, болашақ қайраткердің тәрбие жолы тәлімдік тәрбиесінен ойыннан бастап қалыптасады.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог ғалымдар «Жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты»—деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Демек, ойын мен жұмыстың ұқсастығы — жақсы ойын да, жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып, рақатқа бөлейді.

Баланың ойында да жұмыстағыдай белгілі деңгейде жауапкершілік болуға тиіс. Олардың айырмашылығы— баланың ойыны нақты материалдық рухани байлық жасай алмайды, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені белгілі.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын іс әрекеті кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

- 1) олар ойланады;
- 2) эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады.

Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезімінде болады.

Сонда ойын іс әрекеті туралы жасалатын тұжырым мынау:

- а) Ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сезімді шыңдайды.
- ә) ерік пен мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
- б) ұжымдық сезімі қалыптасады.

в) эстетикалық тәрбие беру құралы.

г) еңбек тәрбиесін беру міндетін шешуге көмектеседі.

д) бір-бірінен ептілікті үйренеді, өзінің денесін шынықтырады.

Демек, ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық, физиологиялық негіздері болып табылады.

Педагог ғалымдар ойынның оқыту үрдісіне оң әсерін тигізетініне келісе отырып, мынадай пікір айтады.

А.С.Гуревич, А.В.Килиниуктер ойынды оқытудың активті түрі деп қарастырса, Н.Н.Скатова, Р.И.Половникова, В..Д.Чернов оқытудың ойын әдісі дейді. Тағы бір ғалымдар оқытудың ойын элементтері деп қарастырады.

Ойын элементтері ойынның біртұтас құрылысын береді.

Ойын құрылысында алдымен оқытудың мақсаты тұрады.

Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді. Ал Ю.Бабанский ойынды бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың әдісі деп қараған

Я.Коменский "Ұлы дидактика" еңбегінде 6 жастан 12 жасқа дейінгі жас кезеңін өнерлі және қамқорлық тәрбие мектебі деп атады.

Бұл шақта балаларға өздеріне түсінікті ана тілінде білім беру керек, ал білім «олардың есінде жақсы сақталатындай болуы тиіс.

Бұл кезеңде балалар қиындықты сезінбейді, сол себептен оларға оқу әрекеті жеңіл болып көрінеді.

Дж.Локк балалардың еркіндікке, бостандыққа ынталы келетіндігімен санасуды талап етті.

Бұл мәселеде ол кейін Ж.Руссо дамытқан еркіндік тәрбие ұғымының негізін сала бастады.

Оқытудың әдістері мен құралдары жөнінде мәселелерді қарастырған Дж.Локк та, ең бірінші орынға баланың дамуын, білім алып тәрбиеленуін ойын іс әрекеті арқылы жүзеге асыруын қойған Ж.Руссо.

Қазақ халқының ұлт ойындары жайындағы деректемелерді қағаз бетіне түсіргендердің бірі Венеция саяхатшысы Марко Поло болды.

Ол өзінің Қазақстанға жасаған саяхатында Жетісу бойындағы қазақ ауылының мерекелі тойларында болып, ойын-сауықтарын көріп, көптеген ұлт ойындарына талдау жасап, шығу тарихтарына, қалыптасу дәуірлеріне де болжам айтқан.

XIX ғасырда қазақ халқының әдет-ғұрып, ойын-сауықтарын, ұлт

ойындарын зерттеуде еңбектер жазған тек басқа ұлттардың өкілдері ғана емес, сондай-ақ жергілікті көшпелі халықтың, өз ішіндегі сауаттылары да өз халқының өмірін оқу, оны зерттеу жұмыстарымен айналысқан.

Ұлт ойындарының жалпы қалыптасу кезеңі біздің заманымызға дейінгі XII-IX ғасырлардағы Қазақстан жеріндегі көшпелі тайпалардың құрылу дәуірі – өйткені ойындардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде дамымасын, олар тек өндірістік қарым-қатынастың қалыптасуына негізделген.

Ұлт ойындарының қалыптасуы, тек балаларға ғана керектігімен дамып қойған жоқ, ересектердің күнделікті тіршіліктегі қозғалысы мен көңіл кетеріп, демалыс уақытын өткізудегі қолданылған еңбектің бір түрі ретінде дамыды.

Мәселен, әртүрлі қозғалмалы ойындар мен басқада ойын іс әрекеттері ересектер арасында дамыды да кейін келе жас өспірімдерде қалды.

Себебі үлкендерден көргенін бала да, күн ұзақ далада, үй ауласында ермек етеді; түйе құмалағынан қой бағып, қой құмалағынан қозы бағып, бір жердегі екінші жерге көшіп-қонумен тағысын тағы сәбилер уақытын өткізеді.

Бұдан өзі ертедегі ортаның азаматы болғанда басынан өткізетін өмірін, болашақтағы еңбегін қазір ермек етіп отырғандығы байқалады.

Ұлттар өміріндегі ұлттық психологиямен тығыз байланысты көкейкесті мәселенің бірі – ұлттық әдет-ғұрыптар, дәстүрлер болып табылса, ұлттың психологияның ерекшеліктері мәдениетте, тұрмыста, сондай-ақ ұлттың әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерде де айқын көрінеді. Қазақ құндылығының ғасырлар қойнауынан сүрінбей етіп, өзінің үрдіс дәстүрін сақтаған айрықша саласы балалар ойындары. Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ.

Халықтық ойындар арқылы ұлттық сана-сезімдегі қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіру мәселесін қарастырған материалдар да ғылыми қорда баршылық.

Бұл арнадағы К.Ушинский, А.Макаренко, П.Каптерев, т.б. еңбектерін келтіруге болады. А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев сынды ұлы ғұлама педагогтер халық мұрасының ұлттық құндылықтардың қайталанбайтын өзгешелігін, тілдің, оның

формалары мен мазмұнының ерекшелігін есіп келе жатқан ұрпақтың танып білуіне халықтық ойын арқылы жағдай жасау қажеттігін жазып қалдырған.

Мысалы, А.Макаренко халық ойындарының қай түрін болсын тәрбие құралы ретінде қолдану қажеттігі жайлы айтса, Д.Эльконин өз еңбектерінде балалар ойынының әлеуметтік табиғатын ерекше мәдени құрылым ретінде түсіндіреді.

Ойын әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыратын психологиялық-педагогикалық анықтамаларды да А.Макаренко өз еңбектерінде қарастыра келіп көптеген сипаттамалар бере келе ойын іс әрекетінің бала өмірінде алтын орны ерекше деген.

Бала кішкентай кезінен-ақ, ойынға құмар болып, соның жетегінде өседі. Ойын баланың ақыл-ойының дамуына жол ашатын алғашқы құрал.

Соған сай ата-ана да баланың қандай жерде кіммен ойнауына басты мән беруі міндеті.

Жалпы білімнің негізі бастауыш сыныпта қалыптасады. Бүгінгі талапқа сай, баланы басты тұлға деп есептесек, жаңа буын құлықтарымен жаңаша жұмыс істеуде әр мұғалімнен шығармашылық ізденісті талап ету орынды және заңды.

### **Мектеп оқушыларының танымдық белсенділіктерін ойын арқылы қалыптастыру**

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы білім беру жүйесінің үлесіне түсінетінін ескерсек, білім негізі мектепке дейінгі мекемеден, бастауыштан басталғандықтан жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше.

Дидактикалық ойын арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалық дамуын қалыптастыруға болады.

Психологтар Д.Д.Эльконин мен В.В.Давыдовтың зерттеулерінде ойын іс-әрекетінің негізгі құрылымы-оқу мақсаты мен оқу әрекеттерінен тұрады.

Оқыту арқылы баланың белсенділігін дамытудағы көзделетін басты мақсаттарды саналы түрде меңгеруге баулу. Шығармашылық

жұмыстың басты мақсаты-оқыту мен тәрбиелеу арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын білімді де білікті маман тәрбиелейтін бағыт-бағдар беру.

Ал, оқушылардың танымдық белсенділігін оқыту барысында дамыту, шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасау, салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Сондықтан ұшқыр ойлы, жаны сұлу, шығармашыл, белсенді ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру, белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Мұғалім оқушының белсенділігін, қабілетін дамытуға ,баулуда еңбек етеді. Көптеген психолог, педагог мамандар В.В. Давыдов, Л.В. Занков. И.Л. Лернер, және қазақтың ағартушы ғалымдары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Қ.Жарықбаев, Т.Сабыровтар да өз еңбектерінде осы мәселені, пікірінде айтып өткен.

Педагог-психолог ғалымдардың зерттеуі бойынша әрбір жаста шығармашылыққа баулуда ерекше қабілет, бейімділік болады екен. Мұғалім оқушының бойында шығармашылық белсенділік қалыптастыру үшін мынандай бағыт-бағдар беру керек:

- оқушы шығармашылықпен айналысу үшін жағдай туғызу;
  - сыныпта, ұжымда өзара шығармашылық қарым-қатынас орнату;
  - Психологиялық қауіпсіздік, еркіндікпен қамтамасыз ету,
- оқушының шығармашылықпен айналысуына үйде, сабақта қолайлы жағдай туғызу

өзінің жолын анықтауға ынтасы оянып, олардың осыған дағдылануы қалыптасады. Бұл технологияның негізінде оқушылардың оқу мәдениетін, іс-әрекеті барысында ынталылығын» жүйелі ойлаудың дағдыларын қалыптастыруды көздеген мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы, қабілеті, тәжірибесі қалыптасады. Оқу үдерісінің тиімділігі ең алдымен оқушылардың белсенділігі мен танымдық, ізденісіне қатысты десек, бұларды қамтамасыз ететін іс-әрекет барысында оқушының белсенділік қасиетін қалыптастыру болып табылады. Білім беруді басқарудағы әр түрлі жүйелеуді жобалау мен жүзеге асыруда оқушының білімге деген танымдық іс-әрекеті шығармашылық белсенділігі, ынталылығы қалыптасуы керек. Осы орайда көптеген ғалымдар оқушының шығармашылық белсенділігі барысында ынталылықты қалыптастыру жолында өз пікірлерін,

ойларын ортаға салды. Олар мыналар: В.Г.Афанасьев, А.И.Котова, Ю.А.Копаржевский, Б.Ф.Ломов, Р.Х.Трешьяков.

Мазмұны бойынша барлық ойындар оқушылардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді.

Білім алу үдерісінде оқушылар дұрыс еркін, тез әрі түсінікті оқуға, өз айларын ауызша, жазбаша дұрыс қорытуға, мазмұндауға, төрт амал көлемінде элементарлық математика бойынша есептер шығаруға баулынады, оларға табиғат жөнінде кей бір түсініктер беріледі.

Оқушылардың білімін қалыптастыруда дидактикалық ойындарды пайдалану бүгінгі күннің талабы. Білім бері саласында оқыту үдерісінің мәні өте зор, өйткені осы кездегі қоғамдық өндірістік қатынастың дамуы оқытудың ғылымы-практикалық деңгейіне байланысты.

Бұл дидактикалық ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түсіндіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлауын, зерделеуін дамытады. Өмір тәжірибесін бір жүйеге келтіруге үйретіп, жүйке жүйесін демалдырады. Міне, сондықтан да ойын оқу-әрекетінде жетекші рөл атқарады.

Дидактикалық ойындардың оқыту мазмұнына, танымдық іс-әрекет сипатына, ойын құрылымына сәйкес жіктемелері бар.

Қазақ халық ойындарының жіктемесі оқушылардың жас ерекшеліктеріне(А.Диваев), ойын сипатына (М.Гуннер, Е.Сағындықов,); дене қасиеттерін, қимылдық әрекеттерді дмытуға (М.Таникеев, Ж.Төлегенов); ойындардың педагогикалық мүмкіндіктеріне (А.К.Айтпаева) сәйкес жасалады.

Дидактикалық ойындарды өткізуде жиі пайдаланылатын құрал-жабдықтар мен материалдарды дайындап алу керек. Олар: демонстрациялық екі қатарлы қалталы полотно немесе екі қатарлы сөре және әр оқушының жеке қалталы полотносы, түстері, өлшемдері, пішіні әр түрлі және бірдей заттар, дидактикалық материалдар болып табылады.

Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі. Балалардың оқуы еңбегі ойыннан басталады.

Ойын балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын

арттыратын маңызды құрал. Бастауыш сыныпта ұлттық ойындармен Дидактикалық ойындарды сабақтарда кеңінен қолданудың маңызы зор. Әсіресе өткен материалды пысықтау, қайталау кезеңдерінде ойынды қолдану пайдалы.

Оқыту үдерісінде баланың таным белсенділігі кениді, тереңдейді, ақыл-ой қабилеті, білімді өз бетімен меңгеру белсенділігі дамиды, заттың мәнін ғылыми ұғымдарды терең түсінеді, іздену нәтижесінде пайда болған сұрақтардың жауаптарын табады.

Оқушылардың білімді, шеберлік пен дағдыларды игеру процесіне білімді қабылдау, ұғыну, бекіту және оларды практикада қолдану енеді. Бұл бұындар сабақта сан алуан үйлесуі мен көрініп, оның сан қылы құрылысын анықтай алады.

Сабақта білімді игеру процесінің негізгі бұындарының әр алуын комбинациясын оқу материалының сипатына, сабақтың дидактикалық мақсаты, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне, сондай-ақ коллектив ретіндегі сол сыныптың ерекшелігіне байланысты.

Бұл әдіс оқушылардың өздерінің және олардың ата-анасының оқу нәтижелеріне жауапкершілігінің артуын көрсетеді.

Ойынның қалыптасуы “күпиясын” ашуға сан жүздеген жылдар бойы әртүрлі ғылыми бағытта ғалымдар қалам тартқан. Оның шығуы туралы айтылған ой-пікірлер көптеп кездеседі.

Пікірлердің біріне сүйенсек, ойын адамдардың бос уақытынан туған нәрсе және олардың әлеуметтік-мәдени мәселелеріне байланысты. Ежелгі дәуірде ойындар қоғамдық өмірдің өзегі болған және оның саяси-діни маңызы негізге алынған.

Ойындағы қиындық оның түрлерінің әртүрлілігімен, қарсыластардың қатысу әдісімен, ойынның жүргізілуімен анықталады. Ойын-оқытудың таптырмайтын элементі.

Ойын үдерісінде:

-жүргізудің ережелері меңгеріледі;

-ойындағы белгілі бір мақсатқа жету үшін оған қатысушылар бірлескен ұжымдық іс-әрекет жасауға дағдыланды. Оқушының жеке мінез-құлқы қалыптасады;

-мұғалімдер мен оқушылардың және қосымша пайдаланған көрнекі құралдардың ойынға қосқан үлестерінен мәдени дәстүр қалыптасады.

Ойын теориясы. Ойын-бір қарағанда пайдасыз болып көрінеді,

солай бола тұра, қажетті, өмірдің керемет құбылыстарының бірі. Ойын өзіне қызықтыра, тарта отырып, ғылымда қиын, күрделі мәселе болып табылады.

Отандық педагогика мен психологияда ойын әрекетін К.Д.Ушинский, П.П.Блонский, С.Л.Рубинштейн, Д.К.Эльконин, т.б. жете зерттеді. Шетелдің әрқилы зерттеушілері мен ойшылдары: К.Гросс, Ф.Шиллер, Г.Спенсер, К.Бюлер, З.Фрейд, Ж.Пиаже т.б. ойын теориясын өздерінше (біріне-бірін қосып жиынтық ретінде) қарастырған. Бұлардың әрқайсысы өздігінше ойын құбылысын әр қырынан көрсетіп, оның нағыз мәнін белгілемеген.

К.Гросс теориясы аса ықпалды теория болған.

Оның ойынша, ойынның мәні, мұнан әрі маңызды әрекетке, дайындыққа қызмет етеді; ойында адам, жаттыға отырып, өзінің қабілетін жүзеге асырады. Бұл теорияның құндылығы - ойынды жетістікпен тығыз байланыстыруда болған. Ойынның жетістіктегі рөлі ерекше. Кемшілігі - бұл теория ойынның қайнар көзін емес, “мәнін” береді.

Ойынды тудыратын себептерді ашпайды. Гросс адам ойынын жануарлардың ойындары сияқты түсіндіре отырып, оларды қате, бүтіндей биологиялық факторға, инстинктке апарды.

Өз кезінде Ф.Шиллердің ойын дамытып, қалыптастырған Г.Спенсердің теориясында, ойынның артықтығы өмірде, еңбекте жұмсалмаған мол күштер өзін ойында деп көрсетіледі.

Бірақ жұмсалмаған күштер қорының болуы олардың жұмсалу бағытын, олар неге басқа қызметке емес, нақты ойынға құйылатынын түсіндіре алмайды, сонымен қатар шаршаған, қажыған адам да ойынды демалу үшін ойнайтыны айтылады.

Ойынның себептерін ашуға талпына отырып, К.Бюлер ойынның негізгі себебі ретінде функциональдық рақаттану теориясын алға тартады. Бұл іс-әрекеттің гедонистік теориясының жеке бөлігі болып, яғни адамның іс-әрекеті рақаттану және құштарлану принциптерімен басқарылады деп есептейтін теория болып табылады.

Адам әрекетінің сарындары, адамның өзі сияқты әр алуан; сондай немесе басқа да эмоциональдық реңі тек шынайы мотивацияның туынды жағы және көрінісі болып табылады.

Шиллер мен Спенсердің динамикалық теориясы сияқты гедонистік теория әрекеттің шынайы мазмұнын көзден таса етеді. Онда

эмоциональды тиімді түрін қамтып көрсететін оның шынайы сарыны жасалған.

Бұл теория ойын үшін анықталған функциональды рақаттану немесе жұмыс істеуден рақаттану - факторын тани отырып, ойында организмнің тек функциональды қызмет атқаруын көреді.

Ойынның фрейдистік теориясында өмірде ығыстырылған талаптардың жүзеге асқандығын көрініс табады, себебі өмірде жүзеге аспағанмен, ойында жиі ойналады және бастан өткізіледі.

Ойында өмірден түңілген, өзіне-өзі жауап бере алмайтын субъекті сапасының кемдігі көрсетіледі.

Ойында өмірдің таңғажайыптары мен сұлулығы іске асырылып, шығармашыл қоқысқа айналады; дамудың нәтижесі мен факторынан, ол жетіспеушілік пен сапасыздықтың көрінісіне айналады; өмір сүруге икемделуден, керісінше оның қашқынына айналады.

## Қорытынды

Өмірдің бүгінгі таңдағы талабы қазақ тілін жас ұрпаққа үйретудің тиімді әдістемесі жасалуын қажет етіп отырғаны белгілі. Өйкені таяу жылдарда қазақ тілінің қоғамдық қарым-қатынастардың барлық салаларында: саудада, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінде, кеңсе ісінде, т.б. жерлердің барлығында да қолдану аясының кеңі түсуін қамтамасыз ету міндеті қойылуда. Мұның өзі қазақ тілінің қарым-қатынас құралы ретіндегі мәнімен қатар, танымдық құралы ретіндегі рөлін де күшейте түсетіні мәлім. Осыған орай, жас ұрпаққа білім беру, оларды қажетті дағды мен іскерлікке төселдіру, өз пікірлерін білдіріп, қорытынды жасай алуға баулу, бұл мәселелерде балалардың жеке ерекшеліктері мен жалпы даму деңгейін ескеру, мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған басты міндеттердің біріне айналуға тиіс. Бұл міндеттер, әсіресе, бастауыш сыныптарда балаларды ауызша, жазбаша тілін дамыту жұмысын күн тәртібіне бірінші мәселе етіп қойып отыр.

Мектептердегі тіл дамыту – бір сыпыра ғылым өкілдерінің бірігіп шешуін талап ететін психологиялық, педагогикалық және лингвистикалық проблема. Бастауыш сыныптарда ертеректегідей «Тіл ширату», «Тіл ұстарту», «Тіл бақылау» сабақтары енгізіліп, осыған сай оқулықтар жасалғаны дұрыс дер ек. Ауызша және жазбаша орындалатын тапсырмалары бар «Мазмұндама мәтіндері жинағы» мен шығарма үшін тақырыптар тізімінде керек ақ. Бастауыш сынып мұғалімдері үшін Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі оқулығымен қатар, оның «Хрестоматиясы» шығарылып, ертедегі әдіскерлер еңбектерімен мұғалімдер толық, жан жақты танысатындай жағдай туса дейміз.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамыту грамматика мен оқу сабақтарындағы жұмыстармен шектелмейді. Бұл барлық пәндерді оқыту барысында, тіпті мектептегі оқу тәрбие жұмысының өн бойында үздіксіз жүргізіліп отыратын жұмыс. Сондықтан мұндай күрделі мәселелердің барлық проблемаларын бір жолғы зерттеу жұмысында жан жақты талдап шығу мүмкін де емес. Сыныптағы тіл дамытуды баллық пәндерді ұштастыра жүргізу құралы ретінде жеке жеке зерттеу объектісіне айналдыру.

### Пайдаланылған әдебиеттер

4. ҚР этникалық мәдени білім беру тұжырымдамасы. Астана, 1996 ж.
5. Әбдірасылова А.Ә. Әр түрді жанрдағы мәтіндерді оқыту. — Астана, 2003.
6. Мұқанов С. Халық мұрасы. — Алматы: «Мектеп», 1980ж. 122-126 б.
7. ҚР-да білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Егемен Қазақстан, 16 қазан. 2004 ж.
8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. — Алматы: «Мектеп», 1967ж. 11-186.
9. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. —Алматы: «Мектеп», 1983ж.
10. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, — Астана, 2003.
11. ҚР Тіл туралы Заңы. Астана, 1999.
12. Радлов В. Алтын сандық. — Алматы, 1993.
13. Эльконин Д. Б. Психология обучения младшего школьника. -М.: Педагогика.
14. Сайлыбаева Ж. Ауыз әдебиеті үлгі арқылы баланың тіл байлығын дамыту. — 2004. — №5.
15. Айдашаев А. Қазақ халық әдебиеті. Ертегілер. — Алматы: «Жазушы» 1979ж.
16. Алпысбаев Т. Қазақ халық әдебиеті. Т.3; Ертегілер. — Алматы: Жазушы» 1975ж.
17. Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. А., Мектеп, 1989.
18. Қалиев С. Халық ертегілері. — // Тәрбие құралы. — 2005. — №11.
19. Шәріпова Ж. Ана тілі сабағында ертегілерді оқыту. — //Қазақстан мектебі. —2003.
20. Бартаева О. Бастауыш сыныпта ертегілерді оқыту. // Бастауыш мектеп, 2004. № 11.

## МАЗМҰНЫ

- Кіріспе
- Бастауыш сынып оқушыларының тілдік қорын дамыту
- Оқыту процесіндегі дұрыс сөйлеуді қалыптастырудың педагогикалық мәселелері
- Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын, сөз мәдениетін қалыптастыру жолдары
- Бастауыш сынып оқулықтарының балалардың сөздік қорын байытудағы орны
- Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін қалыптастыру
- Мектеп оқушыларының танымдық белсенділіктерін ойын арқылы қалыптастыру
- Қорытынды